БІЛІМДІ ЕЛ
ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА
Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті

№39 (485) | сейсенбі | 21 қазан 2025 | Басылым 2014 ж. маусымның 18-інен бастап жарық көреді | www.bilimdinews.kz



Құрметті педагогтер! «Білімді ел – Образованная страна» газеті Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген Үздік педагогикалық тәжірибені жариялау үшін ұсынылған басылымдар тізіміне енгізілген. Біздің газетімізде жарияланған мақалаларыңыз – аттестациядан сәтті өтуіңізге қажетті талап.

Уважаемые педагоги! Газета «Білімді ел – Образованная страна» включена в утверждённый Министерством просвещения Республики Казахстан Перечень рекомендованных изданий для публикации лучшей педагогической практики! Ваши статьи в нашей газете – это условие успешного прохождения аттестации.




РЕКОМЕНДОВАНО


# Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжіне» – 85 жыл




**Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1940 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен елімізде Мемлекеттік еңбек резервтері жүйесі құрылды. Сол уақыттан бастап 1940 жылы тек теміржол саласы үшін кадрлар дайындайтын оқу мекемесі Ақмола қаласының №4 фабрикалық-зауыттық оқыту мектебі ретінде құрылып, дамудың үлкен тарихи жолынан өтті.**

Бұл – Техникалық колледждің білім беру жүйесіндегі, инженерлік ойлау мен өндірістік мәдениеттің қалыптасуындағы, сондай-ақ бірнеше буын ұстаздар мен студенттердің ерен еңбегімен жазылған тарихының маңызды кезеңі. Бұл күн – еліміздің кәсіби-техникалық білім беру саласының даму жолындағы елеулі белестің көрінісі. Колледж қабырғасынан түлеп ұшқан мыңдаған мамандар ел экономикасының түрлі салаларында еңбек етіп, өндірісті өркендетуге, ғылым мен техникаға серпін беруге сүбелі үлес қосып келеді.

Техникалық колледждің сексен бес жылдық тарихы – бұл тек өткеннің жетістіктері мен естеліктері ғана емес, сонымен қатар үздіксіз даму, сапалы білім беру мен еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолындағы жүйелі жұмыстың айқын көрінісі. Оқу орнының іргесі 1940 жылы қаланып, сол кезде Ақмола қаласында алғаш рет теміржол училищесі ретінде өз қызметін бастады. Араға екі жыл салып, 1942 жылы алғашқы түлектерін ұшырды.

Сол жастардың бір бөлігі майдан даласына аттанса, қалғандары тылда қажырлы еңбек етіп, Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосты. Колледж тарихында ерекше мақтанышпен аталатын есімдер де бар. Атап айтқанда, оқу орданың түлектері – Кеңес Одағының Батырлары Пётр Морозов пен Дмитрий Степанов – ерлігімен ел есінде қалған азаматтар. Олардың есімдері тек біздің колледждің емес, бүкіл елдің тарихына мәңгілікке жазылды.

Бүгінде колледж қабырғасында бір мыңға жуық студент техникалық және кәсіптік білім алуда. Жыл сайын оқу орнынан екі жүзден астам жоғары білікті маман түлеп шығып, түрлі салаларда табысты еңбек етуде. Колледж ұжымы өз жұмысында әрқашан сапаны басты құндылық ретінде қарастырады. Сондықтан да біздің басты қағидамыз: ***«Саңға емес, сапаға басымдық беру»***.

Біз өткенді мақтанышпен еске ала отырып, болашаққа сеніммен қараймыз. Себебі Техникалық колледж – бұл тек білім ордасы ғана емес, бұл – кәсіби біліктілік пен адами құндылықтарды ұштастыра отырып, ел болашағын қалыптастыратын маңызды өзіндік тарихы бар мекеме.

**Абай ҚҰРМАНҚҰЛОВ,**
**Астана қаласы әкімдігінің «Техникалық колледжі» директоры**


Елге қызмет – Ертеңін Ескеретін Естілердің ісі!
SENIMEN BOLASHAQ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

МҰҒАЛІМ TALKS

# Жасанды интеллект білім беру

**«AMANAT» партиясы жуырда ұйымдастырған «Мұғалім Talks» кейс-платформасының екінші отырысында еліміздің барлық өңірінен келген үш жүзден астам мектеп мұғалімі, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер, ғалымдар, білім беру саласының ардагерлері мен сарапшылар қауымы бас қосқан болатын. Биылғы талқыланған тақырып – жасанды интеллект дәуіріндегі мұғалімнің рөлі мен білім беру саласындағы инновация. Бұл басқосудың аясында сондай-ақ ерекше көзге түскен педагогтерге партиялық және ведомстволық наградалар табысталды.**





Сөз басында Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов мұғалімдерді өткен кәсіби мерекелерімен құттықтап, педагогтердің қоғам өміріндегі және мемлекеттің дамуындағы айрықша маңызына тоқталды. Ол беделді партияның негізгі тірегі педагогтер екенін атап айтты. Себебі еліміздегі алты жүз мың мұғалімнің 260 мыңға жуығы – партия мүшелері. – Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – адал, білімді, әділетті азамат тәрбиелеу. Бұл процесс үйден басталып, мектепте жалғасын табады. Әр баланың отаншыл болып өсуі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуі, айналасына, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы маңызды. Президент айтқандай, әр адам өзі адал болса, заңды құрметтесе ғана Әділетті Қазақстанды құра аламыз. Ал ондай буын тәрбиелеу – мұғалімдердің тарихи миссиясы. Осы істе партия әрдайым сіздермен бірге болады, – деді ол.

Партия төрағасы цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыру туралы өте ауқымды міндет қойғанын еске салды. Бұл білім беру жүйесіне қажет маңызды мүмкіндіктерге жол ашады. – Мектеп тек даму үдерісіне ілесіп қана қоймай, оны басып озуға тиіс. Мәселе енді жасанды интеллект білім беру жүйесінде қажет пе, жоқ па деген сауалда емес, оны тиімді енгізуде. Бір нәрсені үнемі есте сақтау керек – мұғалім мектептің жүрегі болып қала береді. Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше оны басы артық жұмыстан арылтып, ең негізгі міндетін – оқушыға білім беру, тәрбиелеу және тұлғалық қасиетін қалыптастыру ісін алаңсыз атқаруына мүмкіндік беруі тиіс, – деді Ерлан Жақанұлы.

Мәжіліс спикері Мемлекет басшысының білім беру жүйесін қолдауға қатысты саясаты мен оның тапсырмасы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы оң нәтиже бергеніне назар аударды. Кейінгі төрт жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі үш есе артты. Мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Биылдың өзінде мектепке он мыңнан астам жас маман келді. Олардың арасында жоғары балл жинаған түлектер мен «Алтын белгі» иегерлері бар. Халықаралық зерттеу нәтижелері мұғалімдердің басым көпшілігі өз жұмысына көңілі толатынын көрсетті.



«AMANAT» партиясы да, өз кезегінде, педагогтерге белсенді қолдау көрсетіп келеді. Мәжілістегі партия фракциясының қолдауымен халықаралық ғылыми конкурстардың жеңімпаздарын тәрбиелеген педагог-тәлімгерлерге арнайы төлем қарастырылатын заң мақұлданды. Мұндай оқушылар енді «Болашақ» бағдарламасы бойынша грантқа үміткер бола алады. Заңнамалық деңгейде мектеп қабырғасында тамақтандыру барысын бақылауды күшейту, балабақшалар мен білім беру ұйымдарына жер учаскелерін бөлу, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің мәртебесін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

Партия төрағасы ұстаздар қауымын толғандырған мәселелер де аз емес екенін атап өтті. Олардың қатарында, мектеп қабырғасындағы шамадан тыс қағазбастылық, түрлі іс-шарада кезекшілік ету, мектеп чаттары мен әлеуметтік желілерді жүргізу жүктемесі, сондай-ақ ұстазға тән емес өзге де міндеттер бар. Сондай-ақ мұғалімдердің қауіпсіздігін арттыру, оларды қорлау мен психологиялық қысымнан тиімді қорғау нормаларын күшейту қажет. Мұғалімнің ең негізгі міндеті – балаларға білім беру. Ұстаздарды одан өзгесі алаңдатпауы керек. Аманаттықтар бұл ұстанымды әркез қорғайтын болады. Тіпті, заңнамалық өзгерістер енгізуге де күш салады.

Партия мұғалімдерді жаңа технологиялармен және ең алдымен, жасанды интеллектпен белсенді жұмыс істеуге дайындайды. Атап айтқанда, мұғалімдерге жаңа технологияларды игеруге көмектесетін тегін курстар мен әдістемелік материалдары бар цифрлық платформа құру жоспарлануда. Сондай-ақ алғашқы пед-хакатон ұйымдастырылмақ. Онда мұғалімдер жасанды интеллектіні мектеп қабырғасында қолдануға қатысты өз идеяларын ұсына алады. Ал үздік ұстаздар шетелде тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар мұғалімдер Цифрлық кодексті әзірлеу жұмысына тартылады. Осы арқылы олардың практикалық тәжірибесі білім беру процесіне қатысушылардың мүддесі құжатта көрініс табуына көмектеседі.

– Бұл бірегей іс-шараға еліміздің ұстаздары саладағы сұрақтарды талқылау мен тағылымды тәжірибелерін бөлісу үшін жиналғаны баршамызға белгілі. Мемлекет басшысының білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияны күшейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес кешенді бастамалар қолға алынуда. Солардың бірі де бірегейі ретінде жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалайтын ұлттық құралдың дайындала бастағанын айрықша атап айтқан абзал. Оқу үдерісіне цифрлық шешімдерді енгізу үш негізгі бағытта жүргізілетін болады. Осы мақсатта біздің ведомство Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп 2025-2029 жылдарға арналған білім беру жүйесіне жасанды интеллектіні енгізудің тұжырымдамалық негіздерін бекітті, – деді Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова.

– Министрлік білім мазмұнының сапасын қамтамасыз етуге және оны сараптамадан өткізуге басымдық береді. Бұған қоса оқытуды дербестендіруге бағытталған «AI Kitap» платформасы іске қосылып, «Day of AI» онлайн-әдістемелік кешені әзірленді. Жасанды интеллектті қауіпсіз әрі әділ қолдану мақсатында этикалық стандарттар бекітілді. Педагогтердің жасанды интеллектті тиімді қолдану біліктілігін арттыру үшін «Acquire → Deepen → Create» үш деңгейлі оқыту жүйесі іске қосылды. Қазірдің өзінде ЮНЕСКО бағдарламасы негізінде әзірленген «Acquire» деңгейіндегі онлайн курстан екі жүз мыңнан астам мұғалім өтті. Ал жоғары деңгейдегі оқытуға 15 мыңнан астам информатика пәнінің мұғалімі қатысады, олардың жартысынан көбі – ауыл ұстаздары.

Жұлдыз Досбергенқызының мәлімдеуінше, салалық министрліктің тарапынан дайындалған жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу деңгейін бағалайтын ұлттық құрал бағытындағы бастама PISA-2029 халықаралық зерттеуіне дайындықтың бір бөлігі болып табылады. Аталған циклде алғаш рет жасанды интеллект сауаттылығы бағаланбақ. Сондай-ақ информатика, робототехника және жасанды интеллект бағыттарында дарынды балаларды анықтау мен қолдауға ерекше назар аударылады. Және педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған 56 бағдарламаға «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану» атты жаңа модуль енгізілетіндігін білдік.



– Mugalim Talks жобасына қатысқан ұстаздардың сөзін тыңдағанда ерекше бір мақтаныш сезімі бойды кернейді. Бұл жай ғана жұмыс емес – бұл балаларға арналған өмір, жүрекпен істелген еңбек, миссия туралы әңгіме. Ұстаздар қалай шабыт сыйлайтынын, өздері де сол жолда қалай өзгеретінін, ауылдың қарапайым құралдарынан оқу жабдықтарын, протездер мен ғылыми жобаларды жасап, балалардың өмірін қалай өзгертіп жүргендерін айтып берді. Елімізде осындай ұстаздар мен азаматтар бар екеніне қуанып, мақтанып, жүрегімен істейтін, ел мен бала үшін аянбайтын жандар бар екеніне шүкір дейсің. Ерекше жылу сыйлағаны – бірнеше жыл бұрын қабылданған шешімдердің бүгінде нақты нәтиже бере бастауы, – деп жазды Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында сегізінші сайланған ҚР Мәжілісінің депутаты, еліміздегі жоғарғы заң шығарушы органының төменгі палатасындағы әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов.

– Мысалы, «Alternative pathways» жобасы. Сол кезде қаншама талқылау мен күмән болған еді: біз инженер сияқты өзге сала мамандарына, арнайы дайындықтан өтіп, мектепте жұмыс істеуге мүмкіндік бергенде, көпшілігі сенбеді. Бүгін, Салтанат Садықова секілді инженер мамандығынан мектепке келіп, шәкірт тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жеткен ұстаздарды көргенде, сол еңбектің зая кетпегенін жүрекпен сезесің. Ал бірнеше жылда екі жүзден астам олимпиада жеңімпазын тәрбиелеген ұстаздың оқиғасы ше? Бірақ мәселе медальде емес. Мәселе – оның балаларға деген сенімінде, өз ісіне деген таза махаббатында. Мыңдаған балалардың өмірін өзгертуде. Арнайы уақыт бөліп, осы ұстаздардың әңгімесін мұқият тыңдап көрген адам үшін олардың әрбір сөзі шабыт сыйласа, оқиғалары өмірдің өзінен алынған.

– Мұғалім Talks іс-шарасы ерекше әсер қалдырды. Сынып жетекшілер туралы талқылау – мектеп өмірінің жүрегіне үңілгендей болды. Шынында, мектептегі ең ауыр да ең жауапты жұмыс – сынып жетекшінің еңбегі. Күн сайын оқушының қуанышы мен мұңын бірге сезіну, ата-анамен байланыс орнату, тәрбие мен оқу арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтау – бұл үлкен адамдық әрі кәсіби шеберлікті қажет етеді. Сондықтан олардың еңбегін мойындау, қолдау және жүктемесін жеңілдету

# саласына тың серпін беруі тиіс






– бүгінгі білім саласының басты міндеттерінің бірі, – дейді Білім-Инновация лицейлерінің инфрақұрылымы мен білім мазмұнын үйлестіретін «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының қоғамдық қатынастар жөніндегі вице-президенті Арафат Нұрлақов.

– Amanat партиясы бұл басқосуды биыл дәстүрлі түрде екінші рет ұтымды ұйымдастырғанының куәсі болдық. Тақырып тек педагогикамен шектелмей, заманауи бағыттармен тоғысты: жасанды интеллектті қолдану, мектепішілік өмірдің шынайы кейстері, жаңа идеялар мен шабытқа толы пікірталастар – барлығы да ұстаздардың кәсіби болмысына жаңа серпін берді. Amanat партиясының хатшысы Шолпан Танатқызына осы игі бастаманың идеялық авторы ретінде құрметім ерекше. Бұл кездесулер – ұстаз жүрегін біріктіретін, жаңа ойларға жол ашатын ерекше алаң. «Мұғалім Talks» – педагогтердің білім беру жүйесін одан әрі дамыту ісіне қатысты озық әзірлемелерімен бөлісуіне және өз көзқарастары бойынша пікір алмасуына берілген мол мүмкіндіктердің жиынтығы.

– Жасанды интеллектті үйрену дегеніміз – ең алдымен, ойлау мәдениетін үйрену деген сөз. Мен өз сабақтарымда жасанды интеллектті күн сайын қолданамын. Ол маған күрделі тақырыпты студент деңгейіне бейімдеуге, жобаларды түрлендіруге, тіпті кейде шығармашылық шабыт беруге көмектеседі. Бірақ, кез келген жаңа мүмкіндік сияқты, оның да сын-қатерлері бар. Біріншіден, академиялық адалдық мәселесі. Егер баланың барлық тапсырмасын жасанды интеллект орындаса, ол еңбектің қадірін сезінбейді. Екіншіден, сыни ойлау қабілеті әлсірейді. Үшіншіден, біз ұмытпауымыз керек – мұғалім тек білім беруші емес, ол – тәрбиеші, бағыттаушы, шамшырақ, – деді Абай облысының орталығы Семей қаласындағы Рымбек Байсейітовтің есімін иеленген қаржы экономикалық колледжі директорының орынбасары, «Ұстаз – ұлт айнасы» аталатын партиялық марапаттың биылғы иегері Асхат Мұханов.

– Былтыр «Талап» мекемесінің штаттан тыс тренері атанып, еліміздің барлық аймағындағы арнайы пәндер оқытушыларына ЖИ бойынша курстар өткізуді бастадым. Мемлекет басшысы жасанды интеллектті, ең алдымен, білім беру саласынан бастау қажет екенін айтқан еді. Неге осы білім беру саласы? Өйткені, жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері уақыт ұзаған сайын кеңейіп келеді. Жұмысшы мамандықтары да заман талабына сай үлкен өзгерістердің алғы шебінде тұр. Сондықтан дәл осы жерде біз адамның орнын машина алмастырмас үшін, ең алдымен құндылықты, мәдениетті, адамдық болмысты сақтап қалуымыз керек. Болашақ – адам мен алгоритмнің одағы. Бірақ сол одақтың шешуші рөлі – әрқашан адам болуы тиіс. Егер біз жасанды интеллектті дұрыс бағытта қолдансақ, ол бізге қауіп емес, керісінше мүмкіндік береді. Осы орайда жасанды интеллектті алдағы кезде оқу шеберханаларындағы маңызды құралға айналды деуге толық негіз бар.

Жетісу облысының Алакөл ауданына қарасты Жыланды ауылындағы дарынды балаларға арналған Жыланды мамандандырылған лицей-интернатының директоры Эльмира Рапилова ауыл мектебін дамыту тәжірибесімен бөлісуі барысында Алматыдан туған ауылына оралған соң, жоғары оқу орындары және демеушілермен әріптестік орнату арқылы лицейде инженерлік білім беру сапасын қалай арттырғанын айтты. Ол отыз жыл қалада еңбек етіп, жеке өмірі мен кәсіби жолы толық қалыптасқан шағында құтты қонысына қайтып келу туралы шешім қабылдаған. Туған жеріне ат басын бұруының басты себебі – білім алған алтын ұя мектебінің дамуына үлес қосу және ауыл туралы қоғамда қалыптасқан теріс көзқарасты өзгерту болған.

– «Неге ауыл мектебі тек «қуып жетуші» ретінде болуы тиіс? Ауыл баласының да әлеуеті зор. Меценаттардың қолдауымен мектебімізде заманауи робототехника зертханасы ашылды, мұғалімдерге арнап 10 тұрғын үй салынды. Балалар алғаш рет өз қолдарымен робот құрастырып, дрон ұшырды. Қазір біздің оқушылар республикалық, тіпті халықаралық жарыстарда топ жарып жүр. Мектептің ұжымы ұйымдастырған алғашқы робототехника чемпионаты кейін халықаралық деңгейге ұласып, «Жыланды Fest» фестиваліне айналды. Бұл бәсеке барысында елдегі жетекші жоғары оқу орындарының студенттері қатысып, өздері құрастырған электромобильдерді жарысқа қосып жүр, – деді «Ұстаз – ұлт айнасы» деп аталатын партиялық марапаттың биылғы иегерлерінің бірі атанған ол.

– Бұрын мұндай дүбірлі жарыстар тек шетелде өтетінін білеміз. Ал біз ауылда осындай мүмкіндіктің барын көрсеттік. Бұл бастама жыл сайын жалғасып, дәстүрге айналып келеді. Мектеп беделінің артуына ауылға жас мамандардың келуі оң әсер еткені даусыз. Бүгінгі таңда осы білім ордасының он үш түлегі туған ауылында еңбек етіп жүр. Ауыл мектептерінің дамуы үшін мемлекеттік қолдаумен қатар жергілікті азаматтардың демеушілігі де аса қажет. Осындай игі істерді насихаттап, өзге өңірлерге үлгі ету үшін меценаттарды қолдайтын арнайы алаң болғаны дұрыс. Сонда тек мектеп емес, тұтас ауыл қауымдастығы біртұтас ағза ретінде қатар дамиды.



Атырау қаласындағы «Білім-Инновация» лицей-интернатының химия пәнінің мұғалімі, биылғы тамыз айында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Шапағат» медалін алған Ибраһим Бахдәулетұлы жиналғандарға кәсіби тәжірибесі мен шәкірт тәрбиесіндегі басты қағидаттары туралы әңгімелеп берді. Ол озық ойлы озат оқушыларының соңғы бес жылда 236 медаль жеңіп алғанына тоқталды. Олардың жиырма жетісі – дүниежүзілік және халықаралық олимпиада жүлдегерлері екен. Педагогтің пайымынша, ұстаздықтың басты мәні – оқушыны қолдау және оған сенім білдіру.

– Олимпиада – мен үшін тек жарыс емес, күрес пен шыңдалу мектебі. Осы жолда мен бір нәрсені анық түсіндім – олимпиада бәріне ортақ жол емес. Барлық бала чемпион бола алмайды. Әр баланың өзіне ғана тән қайталанбас қаситеті мен бағындырар биігі бар. Ұстаздың басты міндеті – сол қасиетін байқап, баланың өз күшіне сенуіне жол ашу. Бір оқушым анасының еміне ақша табу үшін халықаралық олимпиададан жүлде алуға ұмтылды. Күндіз-түні тынымсыз түрде тыңғылықты дайындалды. Бірақ жарысқа санаулы күн қалғанда анасы өмірден өтті. Соған қарамастан, ол уәдесінде тұрып, олимпиадаға қатысатынын айтты, – деді «Ұстаз – ұлт айнасы» деп аталатын партиялық марапаттың биылғы иегерлерінің бірі атанған ол.

– Сол сәтте мен ұстаздықтың шынайы мәнін түсіндім. Өзіме «Мен не үйретіп жүрмін – тек химия ма, әлде өмір ме?» деген сұрақ қоя бастадым. Сол сұрақ әлі күнге дейін мені ойландырады. Шәкірттердің шығармашылық қарымы мен қабілетін анықтауда Говард Гарднердің көпқырлы интеллект теориясына жүгінгенді жақсы көремін. Шынында әрбір баланың болмысына терең үңілген адам кейінгі жас буын өкілдерінің кез келгені жеке әлем екендігін айқын аңғарады. Ал мұғалім – сол әлемнің зерттеушісі мен бағыт берушісі. Бірі – ғылымға құмартса, екіншісі спортқа бейім. Өнерлі балғындар да жетерлік. Мұғалімнің міндеті – әр баланың табиғи дарынын байқап, дара жолын табуға көмектесу. Мен үшін ең үлкен жетістік – шәкіртімнің: «Ағай, мен өз жолымды таптым», – деген сенімді сөзі. Сол сәт – менің нағыз жеңісім.

**Нұрлан ТІЛЕГЕНҰЛЫ**






ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСС

# Инклюзивті білім берудегі жаһандық трендтер




**Алматы қаласында өткен аптада ұйымдастырылған инклюзивті білім беру саласындағы алғашқы Дүниежүзілік конгресс аясында «Инклюзивті білім берудегі жаһандық трендтер: сын-қатерлер мен шешімдер» тақырыбындағы дөңгелек үстелге ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Тәжікстан Республикасының білім беру және ғылым министрі Саидзода Рахим Хамро, Парламент Мәжілісінің депутаттары, Алматы қаласы әкімінің орынбасары және халықаралық сарапшылары, мемлекеттік және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.**

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген беделді ғалымдар мен сарапшылар, педагог-практиктер, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ әр елдің үкімет мүшелері инклюзия саласындағы жаһандық маңызы зор мәселелерді бірлесіп талқылады. Дөңгелек үстелде сөз алған еліміздің бас ұстазы отандық білім беру жүйесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен әділетті қоғам құру бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына тоқталды. Атап айтқанда, тең әрі сапалы біліммен қамтамасыз ету, заңнамалық базаны жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және мұғалімдердің кәсіби дамуына басымдық беру бағыттарына ерекше көңіл бөлінуде.

– Қазақстанда жасанды интеллектіні пайдалану және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жан-жақты қолдау мәселелері басты назарда. Инклюзияның негізі – адами құндылықтар: сыйластық, қабылдау және қолдау. Біз заманауи сын-қатерлер мен жаһандық үрдістерді ескере отырып, білім мазмұнын жетілдіруде күш біріктіріп, тиімді стратегиялар әзірлеу, тәжірибе алмасу және қолдау механизмдерін нығайтуға шақырамыз, – деді бейіндік ведомствоның жетекшісі.

Сонымен қатар жиында Тәжікстан Республикасының білім беру және ғылым министрі Саидзода Рахим Хамро Тәжікстандағы инклюзияның даму тәжірибесімен бөлісті, SEAMEO Secretariat директоры Датук Хабиба Абдул Рахим Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тәжірибесі мен ынтымақтастығы туралы айтты, Алматыдағы UNESCO Regional Bureau директоры Амир Пирич инклюзивті және әділ білім беруді ілгерілетудегі ЮНЕСКО-ның рөлін атап айтса, UNICEF өңірлік кеңесшісі Нора Шабани Еуропа мен Орталық Азиядағы инклюзивті білім берудің дамуына шолу жасады, International Forum of Inclusion Practitioners (IFIP) президенті Даниэль Собель инклюзияның жаһандық тәжірибелері мен мектептерді қолдау тәсілдері туралы пікір білдірді.

Марокко Білім министрлігінің өкілі Лубна Белаббес білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық шаралар туралы баяндады, Әзербайжанның Мектепке дейінгі және жалпы білім беру жөніндегі мемлекеттік агенттігі директорының орынбасары Ягублу Вафа Мисировна мен Босния және Герцеговина Федерациясының Сараево кантонының Тәрбие және білім беру мәселелері жөніндегі министрлігінің өкілі Мелисса Миздрак өз елдері мен аймақтарының тәжірибесін таныстырды, ал Google for Education өкілі Крис Блейни инклюзивті білім беруді жаһандық деңгейде қолдауға арналған технологиялық шешімдерді ұсынды; сондай-ақ әйгілі сәулетші, Fuji Kindergarten жобасының авторы Тахакура Тэдзука өз идеялары мен тәжірибесін ортаға салды.



Сондай-ақ дөңгелек үстел барысында Инклюзивті білім беру жөніндегі Алматы декларациясы талқыланды. Статистикалық ақпаратқа жүгінсек, елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және «тәуекел» тобындағы балаларды ерте анықтау үшін 110 ПМПК мен 509 арнайы ұйым жұмыс істейді. Мектептерде бір мыңнан астам қолдау кабинеті ашылып, жиырма тоғыз мыңнан астам маман психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, оның ішінде 10 мыңнан астамы – арнайы педагогтер.

Дүниежүзілік инклюзивті білім беру конгресі аясындағы «Қолжетімділік. Теңдік. Өрлеу» тақырыбындағы пленарлық сессияға ҚР Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Тәжікстан Республикасының Білім және ғылым министрі Рахим Саидзода, Қазақстан Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл, Мәжіліс депутаты Кенжеғұл Сейтжан, ЮНИСЕФ-тің білім беру мәселелері жөніндегі өңірлік кеңесшісі Нора Шабани, ЮНЕСКО-ның аймақтық кеңесінің өкілі Амир Пирич, Босния және Герцеговина Федерациясының Тәрбие және білім беру мәселелері жөніндегі министрлігінің өкілі Мелисса Миздрак, Халықаралық бакалавриат ұйымының бас директоры орынбасары Марко Донди, сондай-ақ Қазақстан мен шетелдердің мемлекеттік органдарының, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар қатысты.

Бұған дейін IFIP қауымдастығы Қазақстанның инклюзивті білім беруді дамытудағы жетістіктерін жоғары бағалап, елімізді бұл саладағы әлемдік сарапшылардың негізгі диалог алаңы ретінде таңдаған болатын. Жұлдыз Досбергенқызы өз сөзінде Қазақстанның Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен инклюзивті білім беруді дамыту, әр бала үшін тең және қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналғанын жеткізді. 2021 жылы «Инклюзивті білім беру мәселелері туралы» Заңға енгізілген өзгерістер бұл бағыттағы жұмысты жүйелендірді. 2023 жылы қабылданған екі инклюзивті пакет арқылы ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдау шаралары нақтыланды.

– «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» жаңа Заң жобасы күні кеше ғана Үкімет отырысында мақұлданды. Бұл заңның қабылдануы маңызды қадам болмақ. Қазақстанда сапалы біліммен қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту, инклюзивті мәдениетті қалыптастыру және педагогтердің кәсіби дамуына жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Бүгінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауда жасанды интеллект пен заманауи технологияларды қолдану мүмкіндігі де қарастырылуда, – деді ол.

Сессия барысында қатысушылар тәжірибе алмасудың, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің және білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің маңыздылығын атап көрсетті. Мектептегі психикалық денсаулықты жақсартуға арналған жасанды интеллект платформасының негізін қалаушы Лаура Тристрам этикалық AI-ді әрбір оқушының дауысын естуге көмектесетін құрал ретінде пайдалануды ұсынды. No Isolation компаниясының директоры Мортен Йоргенсен қазіргі уақытта денсаулығына байланысты мектепке бара алмайтын балаларға арналған телеқатысу роботын білім беру ұйымдарына енгізу тәжірибесімен бөлісіп, бұл шешім оқушыларға оқу үдерісінен қол үзбей, сыныптастарымен байланыста болуға мүмкіндік беретінін айтты. Инклюзивті білім саласындағы әлеуметтік кәсіпкер Томас Кини мұндай бастамалардың қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарды қабылдай бастағанын айғақтайтынын және білім арқылы олардың өмірін жеңілдету мүмкін болатынын айтты. Дүниежүзілік конгресс инклюзивті білім беру саласында жаңа идеялар мен тиімді шешімдер ұсынуға, сондай-ақ жаһандық серіктестікті нығайтуға зор серпін берді. Қазақстан инклюзивті білім берудің дамуына белсенді үлес қосып қана қоймай, әлемдік тәжірибе мен идеялар тоғысатын маңызды платформаға айналды.

Естеріңізге сала кетейік, конгресс ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, Алматы қаласының әкімдігі, «HOPE» қоры және International Forums of Inclusion Practitioners (IFIP, Ұлыбритания), тарапынан ұйымдастырылды. Инклюзивті білім беру саласындағы алғашқы Дүниежүзілік конгресс (World Inclusion Congress – WIC 2025) аясында «Инклюзивті білім беру жөніндегі» Алматы декларациясы талқыланды. Бұл декларация – адами капиталды дамыту, әлеуметтік бірлікті нығайту және заманауи технологиялар арқылы жаңа мүмкіндіктер ашу үшін нақты бағдар.

– Қазақстан тарапынан ұсынылған декларация әр баланың әлеуетін толық ашуға бағытталған. Біз «Білім – баршаға» қағидаты аясында инклюзивті білім беруді қажет ететін тұлғалардың сапалы және тең қолжетімді білім алуын қамтамасыз ететініне сенеміз. Инклюзивті білім беру – біздің құндылықтарымыздың және болашаққа құрылған сеніміміздің айнасы. Ол әділетті, қамқор және баршаға ашық мемлекеттің негізі болып табылады, – деді сала басшысы. Алматы декларациясында ұлттық үкіметтерге, білім беру ұйымдарына және халықаралық қауымдастыққа арналған ұсыныстар қамтылған.

Олардың қатарында: білім алмасу және тәжірибе тарату платформаларын құру; бірлескен жобаларды дамыту және қолдау; дамушы елдерге көмек көрсетуді кеңейту; әртүрлі салалар арасындағы серіктестікті нығайту; корпоративтік және халықаралық ұйымдарды тарту; инклюзивті білім беру бойынша мониторинг пен есеп беру механизмдерін енгізу бар. Алматы декларациясы қатысушылардың қолдауымен бір ауыздан мақұлданды. Ол Конгресс ұстанымын бейнелейтін құжат ретінде ЮНЕСКО-ға жолданады және инклюзивті білім беруді дамыту бойынша елдердің саясаттарын қалыптастыруда пайдалану үшін қатысушы мемлекеттер арасында таратылады.

Бұл Қазақстанның инклюзивті білім беруді жаһандық деңгейде ілгерілетуге қосқан маңызды үлесі. Ол халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, жаңа серіктестіктер орнатуға және әрбір баланың әлеуетін ашуға бағытталған бірегей бастама болып табылады. Тәуелсіз еліміз осылайша болашақтағы инклюзивті білім беруді талқылаудың әлемдік алаңына айналды. Конгресс бір алаңда әлемнің қырық елінен 1200-ден астам үкіметтік құрылымдар, ғылыми қауымдастықтар, халықаралық ұйымдар, педагогтер мен сарапшылар, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы көшбасшылар өкілдерінің басын біріктірді.

Қатысушылар қатарында Азиядан, Африкадан, Солтүстік Америкадан, Австралия мен Еуропадан делегаттар бар. Бір жүзден астам халықаралық және отандық сарапшылар пленарлық және панельдік сессияларда спикер ретінде сөз сөйлеген. Конгрестің басты қонақтары – инклюзивті білім беру саласындағы танымал сарапшы, International Forums of Inclusion Practitioners (IFIP) негізін қалаушы Даниэль Собель, Инклюзивті білім беру саласындағы жетекші ғалым, Ноттингем университетінің проректоры Умеш Шарма және әлемге танымал сәулетші, атақты Fuji Kindergarten балабақшасының авторы Такахару Тезука.

Конгрестің негізгі тақырыбы – білім саласындағы инновациялар, цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу. Арнайы назар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған технологиялық шешімдерге, оқытудың сапасын арттыруға, халықаралық тәжірибе алмасуға және елдер арасындағы серіктестікті нығайтуға аударылады. Конгресс аясында цифрлық технологиялар, білім беру және қолжетімді орта саласындағы шешімдерді ұсынатын «Innovation Expo» инновациялар көрмесі ашылады. Көрмеге Қазақстан, Ұлыбритания, Қытай, АҚШ, Польша және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен 17 компания қатысқан. Көрме конгресс барысында – Grand Hall қонақүйінің павильондарында және ашық шатыр астында үш күн бойы жұмыс істеді. Конгрестің бірінші күні «Инклюзивті білім берудегі жаһандық трендтер: шақырулар мен шешімдер» тақырыбында дөңгелек үстелмен қатар балалардың психикалық әл-ауқаты мәселесінен бастап ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға дейінгі 15 негізгі тақырып бойынша панельдік сессиялар ұйымдастырылды. Панельдік сессиялар мен көрмелер екі күнге жалғасты. Осы уақыт аралығында инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми ұйымдар мен серіктестер арасында ынтымақтастық туралы меморандумдар мақұлданып, тараптардың қолдары қойылды.

Алматы декларациясының қабылдануы халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен инклюзияда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануға ортақ тәсілдерді қалыптастыруда маңызды қадам болғаны даусыз. Демек бұл конгресс инклюзия мәдениетін дамытуға, білім алуға тең қолжетімділіктің маңыздылығын қоғамға насихаттауға, озық технологиялар мен үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге және осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға мықты серпін бергендігімен бағалы.

**Нұрлан МЕРАЛЫ**

КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ

# Баршаға қолжетімді оқу ордасы




**Елімізде инклюзивті саясат халықаралық конвенция талабына сәйкес дамып келеді. Бұл – мемлекеттік саясаттың да басым бағытының бірі. «Инклюзивті білім беру» ұғымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бекітілген, бұл барлық баланың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндігін ескере отырып, білім алу құқығын кепілдейді.**



**Бұлбұл ЕЛЕУСІНОВА, ҚР Оқу-ағарту министрлігіндегі Инклюзивті және арнайы білім беру департаментінің директоры**

Заңнамалық деңгейде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды барлық білім деңгейінде оқытып, арнайы жағдай жасауға мемлекеттік кепілдік берілген. Сондай-ақ білім беру қажеттілігін бағалауды, психологиялық-педагогикалық қолдауды, оқу жоспарын, бағдарламасын және оқушы жетістігін бағалау жүйесінің әртүрлілігі мен икемділігін қамтамасыз етуге қатысты нормалар енгізілген. Бүгінгі таңда елімізде алты мыңнан астам мектепте (90 пайыз) инклюзивті білім беруге арналған жағдай жасалған.

Соның ішінде кедергісіз қолжетімділік және қажетті мамандармен қамтамасыз етілді. Инклюзивті біліммен бір жүз мыңнан астам ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қамтылған. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Келешек мектептері» ұлттық жобасы белсенді жүзеге асып отыр. Жоба аясында барлығы 460 мың оқушы орны ашылады. «Келешек мектептері» жобасы аясында педагогтер мен оқушыларға ыңғайлы әрі қауіпсіздік жағдайы жасалған. Мұндай білім ошағында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кеңістікті бейімдеу қарастырылған.

Сондай-ақ психолог, әлеуметтік педагог, логопед және басқа мамандар үшін арнайы кабинет жабдықталған. Мұнда арнайы педагогтер, педагог-психологтар және педагог-ассистенттер сияқты білікті мамандар жұмыс істейді. Олар ерекше қажеттіліктері бар балаларға көмектеседі. «Келешек мектептері» инклюзивті білім қағидасын кәдімгі жалпы білім беретін мектеп секілді толық жүзеге асырады. Білім ордасында ғимараттарды жобалау кезінде кедергісіз орта талаптары ескерілген: пандустар, лифттер, кең өткелдер, арнайы санитарлық тораптар және нашар көретіндер мен есту қабілеті төмен адамдарға арналған навигация жүйесі жасалған.

Оқу үдерісі – баршаға қолжетімді. Оның аясында жеке оқу бағдарламалары, педагог-ассистенттер мен психологиялық-педагогикалық қолдау жүзеге асады. Сонымен қатар STEM зертханалары мен интерактивті тақталар сияқты заманауи технологияны ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен бірге әрбір оқушы пайдаланады. Соңғы екі жылда жаңа форматтағы бір жүз жетпіс алты мектеп салынды. Биыл жыл соңына дейін тағы қырық бір білім ордасы пайдалануға беріледі.

# АІ тақырыптары оқу бағдарламасына енгізілді



**Мемлекет басшысының білім беру жүйесіне жаңа технологиялық шешімдер мен жасанды интеллектті енгізу туралы тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» жобасы аясындағы мектептерде «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» пәндерінің мазмұнына жасанды интеллект тақырыптарын енгізу жұмыстары басталды.**

Қазіргі уақытта жасанды интеллект элементтері бар цифрлық шешімдерді білім беру процесіне тәжірибелік тұрғыда енгізу сынақтан өткізілуде. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылады: бастауыш сыныптарда түсіндіру ойын және көрнекілік әдістері арқылы жүргізілсе, жоғары сыныптарда оқушылар чат-боттар құру, деректерді талдау және этикалық жағдайларды шешу сияқты жобалық тапсырмаларды орындайды. Мұндай тәсіл сыни ойлауды, цифрлық сауаттылықты және технологияларға саналы көзқарасты дамытуға бағытталған.

– Бұл шешімдер еліміздің бірнеше мектебінде, соның ішінде елордадағы №101 «Келешек мектебінде» пилоттық негізде қолданысқа енгізілуде. Бұл мектепте жасанды интеллектпен жұмыс істеуге арналған заманауи цифрлық құралдар мен әдістер сынақтан өтіп жатыр. Білім беру ортасына кезең-кезеңімен Roqed AI, Aqyl, Google Workspace for Education және жасанды интеллект негізіндегі Kahoot сияқты шешімдер енгізілуде. Бұл құралдар оқушылар мен мұғалімдер үшін сенімді көмекшіге айналуда.

Олардың қолданылуы білім беруді көрнекі, интерактивті және әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген етуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект элементтері бар технологиялар цифрлық дағдыларды дамытуға, мұғалімдерді оқыту үдерісін ұйымдастыруда қолдауға және оқушылардың заманауи білім беру тәсілдеріне деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

– Жасанды интеллект қазіргі таңда тек оқыту құралы ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің көмекшісі, оқушының серіктесіне айналуда. Біз технологиялар ойлау, коммуникация және жеке жауапкершілік дағдыларын дамытуға қызмет ететін білім беру ортасын қалыптастырып жатырмыз, – дейді осы білім академиясының жетекші сарапшысы Әсем Сарыбекова. Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне этикалық және қауіпсіз енгізу мәселелеріне ерекше мән берілуде. Білім беру ұйымдарына біздің құрылымның тарапынан әзірленген, жасанды интеллектті қолданудың этикалық стандарттарын қамтитын нормативтік құжаттар жолданды.

Қазіргі таңда бұл стандарттардың мектептерде практикалық қолданылуы сынақтан өткізілуде. Сонымен қатар білім беруде жасанды интеллектті қолдануға байланысты мәселелерді талқылап, әдістемелік қолдау көрсететін және процестің ашықтығы мен жауапкершілігіне негізделген этикалық қағидаларды ұстануын қамтамасыз ететін Этикалық кеңестің құрамы бекітілді. Ұлттық білім академиясы бұл бағытта мектептерге ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетуді жалғастыруда.

**ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

# Заманауи үлгідегі жаңа инновациялық орта

**Заманауи үлгідегі жаңа инновациялық орта саналатын ел аумағында салынған жүздеген келешек мектептерінің бірқатарында жасанды интеллекттің көмегімен білім беруді бастағаны баршамызға белгілі. Алма Алтынханқызы жетекшілік жасайтын астаналық білім ордасы да қазіргі кезде республикадағы санаулы бірегей білім ордасының қатарында үш арнайы бағдарламаны сынақтан өткізіп жатыр. «RobotAI» деп аталатын жүйе ұстаздарға нағыз көмекші.**

Мұғалімдер бұрынғыдай балалардың бақылау жұмысын тексеріп отырмайды. Бағдарламадағы жасанды интеллекті ассистенттер әр пән бойынша сұрақ дайындап, оны тексеріп, оқушылардың алған балын өздеріне жібереді. «Google past» жүйесімен білім алушылар дайындаған авторлық таныстылымдардың мазмұны мен сапалық талаптарға сәйкестігі тексеріледі. ChatGPT-ден көшірілді ме әлде оқушы өзі ізденіп, дайындады ма, бәрін де жасанды интеллектінің көмегімен осы бағдарлама анықтап береді.

№101 мектептің ашылғанына бар-жоғы бір жыл. Осы аз уақытта ұйымшыл ұстаздар




ұжымы жеті инновациялық жобаны қолға алған. Және төрт жарым мың шәкірт тәрбиелеп, елдегі үздіктер қатарына еніп отыр. Мектепті білім саласында отыз бес жылдық тағылымға толы мол тәжірибесі бар іскер ұйымдастырушы біліктілікпен басқаруда. Кейіпкеріміздің бұған дейін жетекшілік еткен үш мектебі республика бойынша алдыңғы қатарға шыққан еді. Оның айрықша атап айтуынша, сапалы білім мен ізгілікті тәрбие – ұстаз-бала-ата-ана үштігі бірлескенде ғана оң нәтиже береді.

– Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мектеп бағдарламасына жасанды интелектіні енгізу бойынша бізге жан-жақты қолдау көрсетіп, әдістемелік тұрғыдан тұрақты көмектесіп жатыр. Мұғалімдер арасында осы бағытты жетілдіру үшін арнайы жұмыс тобы құрылды. Информатика, математика сынды пәндер ғана емес, педагог жұмысын жеңілдету үшін алдағы уақытта барлық сабаққа тиімді тәсілдерін жаппай енгізуді көздеп отырмыз. Әрине қазіргі кезде қолданыла бастаған әдіс-амалдар – бұл әзірге сынақ түріндегі жағымды жағдайлар. Егер барлық мүмкіндіктер сәтті жүзеге асырылғаны туралы нақты шешім қабылданса, біздегі тәжірибе басқа ағарту ошақтарының қолданылуына ұсынылмақ, – дейді №101 орта мектептің директоры Алма Жұмабекова.

– Жуырда информатика пәнінің мұғалімдері тақырыптық сабақтарын нейрожелілер мен жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы ерекше форматта ұйымдастырды. Нәтижесінде үлкен өмірге қанат қағуға әзір жоғары сынып оқушылары жасанды интеллекттің графикалық дизайнды үйрену мен ақпаратты талдауға бағытталған оқу үдерісінде қаншалықты пайдасы барын байыптай білді. Олар үшін ерекше қызығушылық тудырғаны – жасанды интеллекті бар мультимедиялық тақта. Осы құрылғының көмегімен оқушылар тапсырмаларды шығармашылық тұрғыда орындай алады және күрделі тақырыптарды тезірек меңгереді. Шығармашыл шәкірттер жасанды зерде арқылы тың материалды жақсырақ толық түсінуге және жаңа инсайттар алуға көмектесетінін айрықша айтты. Демек озық технологияны тиімді қолдану оқу үдерісін жеңіл әрі қызықты ете түсетіндігі іс жүзінде дәлелдене бастады деуге толық негіз бар.

**Шырақ әл-ШАБАНИ**



ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СОДРУЖЕСТВО

# Профсоюз «Қорғау»: четыре года конструктивного




**История профсоюзного движения Казахстана насчитывает уже 120 лет. На протяжении этого времени профсоюзы остаются важным общественным институтом, обеспечивающим диалог между государством, работодателями и работниками. Особенно значима их роль в сфере образования, где защита прав педагогов напрямую связана с качеством человеческого капитала страны.**



В год 100-летия Отраслевого профсоюза работников просвещения, науки и высшего образования Республики Казахстан ОО «Костанайский областной профсоюз работников образования и науки «Қорғау» становится наглядным примером того, как современные профсоюзы могут сочетать традиции солидарности с инновационными формами работы.

За столь короткий срок профсоюз продемонстрировал, что эффективная защита работников возможна при чёткой организации, взаимодействии с государственными органами и постоянной обратной связи с членами объединения. Все это стало возможно благодаря слаженной работе членов профсоюза, поддержке заинтересованных ведомств, безусловной любви к педагогическому поприщу и всем, кто так или иначе связан с этой системой.

### Единая система профсоюзного взаимодействия

С первых дней существования в своей новой, модернизированной версии профсоюз «Қорғау» тесно сотрудничает с Казахстанским отраслевым профсоюзом работников просвещения, науки и высшего образования и Территориальным объединением профсоюзов Костанайской области (ТОП), а по истечении времени это стало основой для роста профсоюза и одним из приоритетных направлений его деятельности. Такое партнёрство обеспечивает методическую и организационную поддержку, способствует повышению профессиональной компетентности профсоюзных лидеров и укреплению системы социального партнёрства в регионе. Совместно проводятся обучающие семинары, консультации, диалоговые площадки и общественные приёмные, направленные на решение актуальных вопросов педагогов.

Для Костанайской области эта работа имеет особое значение: она способствует формированию единого профсоюзного пространства, повышает качество взаимодействия между образовательными организациями, укрепляет социальный диалог и делает защиту прав работников более системной и эффективной. Благодаря этому профсоюзное движение региона развивается в едином русле с республиканскими приоритетами, сохраняя при этом региональные особенности и инициативность на местах.

### Организационное развитие и открытость

С момента своего создания профсоюз «Қорғау» значительно расширил влияние и укрепил организационную структуру. Сегодня объединение включает 195 первичных профсоюзных организаций, объединяющих около 12 тысяч членов. Высокий уровень прозрачности – один из принципов его деятельности: 70% членских взносов ежемесячно возвращаются в первичные организации на их собственные нужды. Это один из самых высоких показателей по республике и важный фактор финансовой устойчивости профсоюзной системы.

Большое внимание уделяется информационной открытости. На страницах профсоюза в социальных сетях регулярно публикуются отчёты о деятельности, нормативные документы, интервью и рубрики, посвящённые педагогам региона. Только за 2024 год было опубликовано более 400 материалов, рассказывающих о событиях, мероприятиях, конкурсах, биографиях членов профсоюза. Выпущено 10 обращений в СМИ от лица профсоюза. Такая прозрачность повышает доверие к профсоюзу и способствует росту его авторитета.

### Социальное партнёрство как фундамент доверия

Главным направлением деятельности «Қорғау» является развитие системы социального партнёрства, ориентированной на создание справедливых условий труда, повышение социального статуса педагога и укрепление диалога между работодателями и работниками. В 2024 году по инициативе профсоюза было подписано новое Соглашение о социальном партнёрстве между Управлением образования Костанайской области и профсоюзом «Қорғау» на 2024-2026 годы.

Документ включил в себя более 70 пунктов, направленных на улучшение условий труда и стимулирование педагогов. В частности, введены дополнительные оплачиваемые отпуска различным категориям работников образования: библиотекарям, юрисконсультам, медицинским работникам, бухгалтерским и кадровым специалистам. Руководителям организаций образования установлена 36-часовая рабочая неделя, что позволяет совмещать административную и преподавательскую деятельность.

Кроме того, в соглашении закреплены меры поддержки профсоюзных лидеров: председателям первичных организаций предоставляется единовременное поощрение и дополнительные дни отдыха, а членам профсоюзных комитетов – льготы при уходе в отпуск. Эти инициативы стали практическим шагом к укреплению мотивации педагогических работников и росту доверия к профсоюзу.

Результаты не заставили себя ждать. Только за последние два года более 8 тысяч работников образования восстановили свои законные права в судебных и согласительных комиссиях, а экономический эффект составил 48,2 миллионов тенге. Важно отметить, что соглашение, заключённое «Қорғау», стало моделью социального партнёрства и было рекомендовано Отраслевым профсоюзом для внедрения в других регионах.

### Правовая поддержка и обучение

Одним из приоритетных направлений работы остаётся правовое сопровождение педагогов. За четыре года профсоюз провёл 21 обучающий семинар и 9 выездных встреч, в которых приняли участие председатели первичных организаций и руководители школ. Темы семинаров касались порядка аттестации педагогов, изменения в трудовом законодательстве, регулирования рабочего времени и механизмов урегулирования трудовых споров.

Более 850 членов согласительных комиссий и 350 работодателей прошли курсы по вопросам разрешения трудовых конфликтов, а юридическая служба профсоюза оказала более 2000 бесплатных консультаций. Практическая помощь оказана и в резонансных случаях. Так, юристы «Қорғау» совместно с правовой службой отраслевого профсоюза добились положительного решения суда в споре с Департаментом внутреннего аудита, отстояв интересы директоров школ и их заместителей, которых ошибочно обвинили в неправомерном начислении заработной платы.

Эти примеры наглядно показывают, что профсоюз выполняет не только представительскую, но и реальную защитную функцию, укрепляя правовую культуру работников образования и их уверенность в социальной справедливости.

### Материальная помощь и солидарность

Немаловажное место в работе «Қорғау» занимает адресная поддержка членов профсоюза. За четыре года оказана материальная помощь на сумму свыше 8 миллионов тенге педагогам, оказавшимся в сложных жизненных обстоятельствах. Более 6 миллионов тенге было направлено на поддержку коллег, пострадавших от стихийных бедствий и пожаров в Аулиекольском, Костанайском и других районах и городах области.

Значительное внимание уделяется и санаторно-курортному оздоровлению членов профсоюза. С 2021 по 2025 год более 700 педагогов и членов их семей



# партнёрства и социальной защиты

прошли восстановительное лечение, а объём финансирования на эти цели превысил 11 миллионов тенге. В 2025 году средний размер компенсации стоимости путёвок увеличился почти втрое по сравнению с предыдущим периодом – до 55 тысяч тенге на одного человека.

### Охрана труда и безопасные условия

Из года в год совершенствуется система обеспечения безопасных и комфортных условий труда для работников организаций образования. В соответствии с соглашением о социальном партнёрстве реализуется комплекс мер, направленных на профилактику несчастных случаев, улучшение санитарно-гигиенических условий и формирование культуры безопасности труда.

Совместно с социальными партнёрами – Управлением образования Костанайской области, Отраслевым профсоюзом работников просвещения и Территориальным объединением профсоюзов Костанайской области – разработаны и внедрены Методические рекомендации по охране труда в организациях образования. Они содержат практические алгоритмы действий при возникновении чрезвычайных ситуаций, порядок проведения инструктажей и систему внутреннего контроля за соблюдением требований охраны труда. Эти документы стали настольным пособием для руководителей образовательных учреждений и председателей первичных профсоюзных организаций.



Важным направлением является участие профсоюзов в общественном контроле за соблюдением законодательства в сфере охраны труда. Члены профсоюзных комитетов совместно с представителями работодателей проводят проверки, анализируют условия труда и вносят предложения по их улучшению. По итогам такой работы в ряде организаций образования были выделены дополнительные средства на ремонт, обновление оборудования и приобретение средств индивидуальной защиты.

Результатом системной профилактической работы стало полное отсутствие случаев производственного травматизма по вине работодателей за последние годы.




### Преемственность и уважение к труду

Особое место в деятельности профсоюза занимает работа с ветеранами педагогического труда. Более двух тысяч педагогов, проработавших в системе образования свыше 30 лет, были отмечены наградами различных уровней. 102 педагога награждены медалью Министерства просвещения РК «Еңбек ардагері», 66 активистов – медалью «Ветеран профсоюза». Трое представителей Костанайской области занесены в «Золотую книгу профсоюзов Казахстана» – это особое признание заслуг и вклад в развитие профсоюзного движения.

Такая преемственность поколений позволяет сохранять традиции уважения к профессии и передавать молодым педагогам ценности служения обществу.

### Работа с молодёжью и развитие лидерства

Одним из ключевых приоритетов «Қорғау» остаётся развитие кадрового потенциала. В рамках программы «Школа профсоюзного лидера» обучение прошли 137 молодых активистов, многие из которых сегодня возглавляют первичные организации в районах области.

Кроме того, активно реализуются медийные и творческие проекты: челленджи «Учитель после урока», акции «Династия учителей», «Дорога в школу», «Чужой беды не бывает».

Эти инициативы способствуют укреплению корпоративной культуры, продвижению позитивного имиджа педагога и росту интереса молодёжи к общественной работе.

### Итоги и стратегические направления

Подводя итоги четырёхлетней работы, можно уверенно сказать, что профсоюз «Қорғау» стал не просто защитником трудовых прав, но и центром профессионального и общественного развития педагогов Костанайской области. Его деятельность охватывает все ключевые аспекты социальной политики – от правовой защиты и медицинского оздоровления до поощрения лучших работников и поддержки молодёжи.

Сегодня, в период масштабных реформ в системе образования, значение профсоюзного движения возрастает. Опыт «Қорғау» показывает, что устойчивость социальной сферы напрямую зависит от активного участия педагогов в решении профессиональных вопросов, а профсоюз служит надёжным инструментом этого диалога.

В ближайшие годы организация намерена укреплять систему социального партнёрства, развивать цифровые формы работы, расширять программы по повышению квалификации профсоюзных лидеров и поддерживать педагогов в условиях новых вызовов. Профсоюз «Қорғау» – это союз профессионалов, объединённых идеей справедливости, солидарности и ответственности за будущее казахстанского образования.

**Валентина КУШЕТЕРОВА, председатель ОО «Костанайский областной профсоюз работников образования и науки «Қорғау», ветеран педагогического труда**

ОҚУШЫ ТАҒДЫРЫНА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА

# Заманауи сынып жетекшісінің рөлі

**Қоғамның даму қарқыны білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда. Әсіресе, мектептегі тәрбие жұмысының негізгі тұлғасы саналатын сынып жетекшінің міндеттері күн санап күрделенуде. Бұрын тек тәрбиеші рөлін атқарса, бүгінде ол – ұйымдастырушы, көшбасшы, психолог, ата-анамен дәнекерші. Заманауи сынып жетекшісі әр оқушының тұлғалық қабілетін ашып, ұжымдық рух қалыптастырушы әмбебап маманға айналды.**

Оқу жылы басталасымен біздің білім ордасында «Заманауи сынып жетекші» тақырыбында семинар өтті. Семинарда сынып жетекшісінің қызметі бес негізгі бағыт бойынша қарастырылып, оның 50 түрлі рөліне тоқталдық. Сынып жетекшісі – сынып ұжымының үйлестірушісі әрі ұйымдастырушысы. Ол оқушыларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, түрлі іс-шараларды өткізеді, уақытты тиімді жоспарлайды, тәртіп сақталуын қадағалайды. Сонымен бірге сыныптағы міндеттерді бөліп, дәстүрлерді дәріптейді, шешім қабылдауды үйлестіреді.

Ұйымдастырушы рөлі арқылы оқушылардың өзін-өзі басқару қабілеті артады, сыныпта бірлік пен жауапкершілік қалыптасады. Сынып жетекшісі – оқушының құндылық бағдарын айқындайтын тұлға. Ол әдеп пен мәдениетті үйретіп, патриоттық сезім мен еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Сонымен қатар ұлттық дәстүрді насихаттап, құқықтық сауаттылық пен экологиялық мәдениетті дамытады. Сынып жетекшісінің тәрбиеші рөлі жас ұрпақты адамгершілікке, қоғамға пайдалы болуға жетелейді.

Сыныптың сынып болуы сынып жетекшіге байланысты. Сынып жетекшінің жұмысында ұсақ-түйек жоқ. Ол – бала тағдырына жауапты тұлға. Ол – жанашыр, демеуші, қамқоршы аға, әпке. Ұйымдастырушы рөлі: сынып жетекшісі – бірлікпен тірлік жасауға үйретуші; іс-шара ұйымдастырушы; мектеп пен сынып арасындағы үйлестіруші; уақытты басқарушы; тәртіп сақшысы; сыныптағы міндеттерді бөлуші; жоспарлаушы; дәстүрді дәріптеуші; сынып кеңесінің жетекшісі; шешім қабылдауды үйлестіруші. Тәрбиеші рөлі: құндылықтарды дәріптеуші; әдеп пен мәдениетті үйретуші; оқушыларды еңбексүйгіштікке баулушы; жауапкершілікке тәрбиелеуші; патриоттық сезім қалыптастырушы; ұлттық тәрбие беруші; эстетикалық талғамды дамытушы; құқықтық сауаттылыққа баулушы; қоршаған ортаны қорғауға үндеуші; әлеуметтік жауапкершілік қалыптастырушы.

Психолог рөлі: жан дүниені түсінуші; тыңдаушы; қиындықты шешуші; қолдаушы; эмпатия көрсетуші; дауды реттеуші; мотивация беруші; оқушының сенімін арттырушы; өзін-өзі бағалауды қалыптастырушы; қарым-қатынасты түзетуші. Көшбасшы рөлі: үлгі көрсетуші; шабыттандырушы; мақсат қоюшы; сыныпты басқарушы; жаңа идеяларға жетелеуші; ізденіс пен шығармашылықты қолдаушы; оқушыларды белсенділікке баулушы; сынып имиджін қалыптастырушы; дамуға бастайтын көшбасшы; мақсат пен міндетті нақтылаушы.

Делдал рөлі: мектеп пен ата-ананың дәнекерші; ата-ананы тәрбиелік процеске тартушы; жауапкершілікті бөлісуші; кеңес беруші; қиын мәселелерді талқылаушы; отбасымен ынтымақтастық орнатушы; сенімді тұлға; бірлескен жобаларды ұйымдастырушы; ата-ананы қолдаушы; қоғамдастық құрушы. Сыныптағы әр оқушының жан дүниесін түсіну – сынып жетекшісінің басты міндеттерінің бірі. Ол тыңдаушы, қолдаушы, мотивация беруші, дау-дамайды реттеуші рөлдерін қатар атқарады.



Оқушының сенімін арттырып, өзін-өзі бағалауын қалыптастырады, қарым-қатынастағы кедергілерді түзетеді. Психолог рөлі арқылы оқушының өзін сенімді сезінуіне мүмкіндік жасап, сыныпта жайлы психологиялық ахуал орнатады. Сынып жетекшісі – сынып ұжымының алға бастайтын көшбасшысы. Ол үлгі көрсетіп, шабыттандырады, өнерге баулиды, кітап оқуға құлшындырады, жаңа идеяларға жетелейді. Ізденіс пен шығармашылықты қолдап, оқушылардың белсенділігін арттырады, сыныптың имиджін қалыптастырады.

Көшбасшы рөлі оқушылардың мақсатқа ұмтылуын күшейтіп, дамуға деген ынтасын арттырады. Сынып жетекшісі мектеп пен отбасы арасындағы дәнекерші міндетін атқарады. Ол ата-аналарды тәрбиелік процеске тартып, жауапкершілікті бөліседі, кеңес береді, қиын мәселелерді бірлесе шешеді. Бірлескен жобаларды ұйымдастырып, сенімді қарым-қатынас орнатады. Ата-анамен байланысшы рөлі мектеп пен отбасының ынтымақтастығын күшейтіп, балаға ортақ тәрбие кеңістігін құрады. Қазіргі заманауи сынып жетекшісі – тек сыныпты басқарушы емес, тұлға тәрбиесінің стратегиялық жетекшісі.

Оның елу рөлі – білім беру процесінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін тұтас жүйе. Ұйымдастырушы, тәрбиеші, психолог, көшбасшы, ата-анамен байланысшы рөлдерінің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Сынып жетекшісінің осы міндеттерді үйлестіре атқаруы – мектептегі тәрбиелік жұмыстың сапасын арттырып, әр оқушының жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан да сынып жетекшісінің еңбегі – аса қадірлі әрі жауапты.

**Сәния ТІЛЕУБАЙ, М.Мақатаев атындағы №140 гимназияның директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы**

«ТАЛДАУ» ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ БІЛІМДІ БАҒАЛАУ ОРТАЛЫҒЫ

# Табысты педагогтің сыры: әріптестердің қолдауы мен қоғам сенімі

**Қазақстанда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізетін TALIS-2024 Халықаралық оқыту мен оқу зерттеуінің нәтижелері жарияланды. Зерттеу нәтижелері соңғы жылдары елде педагогтердің еңбек жағдайында және қоғамның мұғалім мамандығына деген көзқарасында айтарлықтай оң өзгерістер болғанын көрсетті. Мұғалімнің еңбегінде не өзгерді, қандай реформалар ең тиімді болды және бүгін ұстаздарға өз миссиясына сенімді болуға не көмектеседі – осы туралы біз Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы Басқарма төрағасының орынбасары Әсел ҚАМБАТЫРОВАМЕН әңгімелестік.**

**– Әсел Сағадатқызы, TALIS-2024 зерттеуіне сәйкес, Қазақстан педагогтерінің апталық жұмыс жүктемесі елу сағаттан 36 сағатқа дейін қысқарған. Бұл нәтижеге қалай қол жеткізілді?**

– Шынында да, соңғы алты жылда педагогтердің жұмыс жүктемесі шамамен 30%-ға азайды, қазіргі таңда бұл ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен төмен. Бұл өзгерістерге, ең алдымен, Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» Заң себеп болды. Бұл Заң нағыз серпіліс болды, яғни еліміздің тарихында алғаш рет мұғалімнің құқықтық, әлеуметтік және кәсіби мәртебесі нақты бекітілді.

Басты жетістіктің бірі – педагогтерді артық міндеттер мен шамадан тыс әкімшілік жүктемеден босату. Мұғалімдер енді өздеріне тән емес жұмыстарға тартылмайды, есеп беру көлемі едәуір қысқарды. Сонымен қатар оқу жүктемесінің нормативі азайтылып, педагогтерге сабаққа және білім алушылармен жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлу мүмкіндігі туды.

**– Сағат санының азаюы әрдайым сапанның артуына әкелмейді. Бұл мұғалімдердің белсенді сабақ өтуіне және оқыту сапасына қалай әсер етті?**

– Бұл жерде мына жайтты ескеру керек, жұмыс жүктемесі сабақтардың азаюы есебінен емес, қайта тиімді ұйымдастырылуы есебінен қысқарды. TALIS зерттеуі көрсеткендей, бұл өзгеріс педагогтердің сабақ өту уақытын көбейтті. 2018 жылы мұғалімдер орта есеппен 16 сағат сабақ өткізсе, бүгінде бұл көрсеткіш 23 сағатқа жеткен. Алты жыл бұрынғыдан 7 сағатқа көп және ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен жоғары (22 сағат).

Яғни, мұғалімдер енді уақытты қағазбастылыққа емес, тікелей сабақ өткізуге жұмсайды. Сонымен қатар педагогтердің бюрократиялық талаптардан туындайтын күйзеліске түсу деңгейі төмендеді, эмоционалдық халахуалы жақсарды. Әкімшілік жұмыстарды күйзеліс көзі ретінде қарастыратын педагогтердің үлесі 36 пайыздан жиырма беске қысқарды. Әкімшілік жұмыс пен есеп беру жұмыстан алшақтатумен қатар мұғалімдердің мотивациясына, сәйкесінше сабаққа дайындық кезіндегі жауапкершілігіне әсер ететінін бәріміз түсінеміз.

Сондықтан жүктеменің төмендеуі сабақтың сапасына оң әсер етті. Мысалы, бізде сыныптарда оқыған материалды үнемі қорытындылайтын мұғалімдердің үлесі 18 пайызға өсіп, тоқсан үш пайызды құрады. Сонымен қатар біз жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар педагогтер санының 3,5%-дан он бір пайызға дейін өскенін байқаймыз. Осы көрсеткіштердің барлығы мұғалімнің өз кәсібінің мәні – балаларды оқыту мен дамытуға көбірек көңіл бөлгенін көрсетеді.

**– Мұғалімдер қандай әкімшілік қызметтерден босатылды?**

– Ең алдымен – есеп беру, құжаттаманы жүргізу және қызметіне тән емес іс-шараларға қатысу. Мысалы, қазір мұғалімдерді оқушылардың үйлерін аралауға немесе сенбілікке қатысуға тартуға тыйым салынады. Бұл іс жүзінде педагогтер оқу процесіне назар аудара алатынын білдіреді.



Сонымен қатар мұғалім күнделікті толтыруы керек міндетті құжаттардың саны айтарлықтай азайды. Цифрландырумен және бірыңғай білім беру базасын енгізумен бірге бұл процестер одан да жеңіл әрі ашық бола түсті.

**– «Педагог мәртебесі туралы» Заңды білім саласындағы ең сәтті реформалардың бірі деп атайды. Оның нақты нәтижелері қандай?**

– Бұл Заң жобасын білім беру саласындағы бетбұрыс кезеңі болды деп сеніммен айтуға болады. Біз мұғалім мамандығының мәртебесінің артқанын байқаймыз. Егер 2018 жылы тек алпыс үш пайыз педагог өз еңбегін қоғамда бағалайды деп есептесе, бүгінде бұл көрсеткіш 82%-ға жеткен. Сондай-ақ педагогтердің 58%-ы өз пікірлерінің саясаткерлер мен басшылар тарапынан ескерілетінін атаған. Ал БАҚ өкілдері арасында өз еңбегі бағаланады деп есептейтін педагогтердің үлесі 62%-дан жетпіс үш пайызға өсті.

Сонымен қатар еңбек жағдайына қанағаттану деңгейі елу бір пайыздан 71%-ға, ал жалақысына көңілі толатын педагогтердің үлесі 39%-дан жетпіс бір пайызға артқан. Осылайша мұғалімдер өз пікірлерінің ескеріліп жатқанын білдіреді. Бұл олардың мотивациясына және кәсіби дамуға деген ынтасына тікелей әсер етеді. Бүгінде педагогтердің басым бөлігі мамандық таңдау мүмкіндігі қайта берілсе, тағы да мұғалім болуды қалайтындарын айтқан. Бұл реформаның тиімділігін көрсететін ең маңызды белгі.

**– Сіздің ойыңызша, оқыту сапасына ең көп не әсер етеді? Еңбек жағдайы, мұғалімнің дайындық деңгейі, әлде мотивациясы ма?**

– Бұл факторлардың барлығы маңызды, бірақ ең шешушісі – мұғалім мотивациясы. Жақсы еңбек жағдайы – іргетас, кәсіби дайындық деңгейі – сенімділік, ал педагогтің мотивациясы – сапалы оқытудың қозғаушы күші. Мұғалім еңбегінің қадірленетінін, кәсіби өсу мүмкіндігі мен көзқарастарының ескерілетін сезінсе, ол жұмысына жан-тәнімен беріледі. Осындай сенім мен қолдау мәдениеті – әріптестер, ата-аналар және мемлекет тарапынан мықты білім беру жүйесінің негізін қалайды.

**– TALIS зерттеуіне Қазақстанның қатысуы мемлекеттік саясат тұрғысынан нені көрсетті?**

– Біріншіден, бұл – мемлекеттік ашықтығы мен педагогтердің пікірін естуге дайын екенін көрсетеді. TALIS – бұл сыртқы бағалау емес, мұғалімдердің өздері арқылы жүйенің жағдайын көруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер өз тәжірибесі мен қиындықтары жайлы тікелей айтады. Сондықтан бұл зерттеу – саясаткерлерге нақты деректерге сүйене отырып шешім қабылдауға мүмкіндік беретін құрал. Қазақстанның TALIS зерттеуіне қатысуы – кәсіби қауымдастыққа деген сенімнің және білім саясатын мұғалімдермен бірлесе қалыптастырудың көрінісі.

**Нұрлан МЕРАЛЫ**

TALDAU
Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы

## Қазақстанда педагогтердің мамандығына қанағаттану деңгейі артты:

TALIS-2024 халықаралық зерттеуінің нәтижелері жарияланды

### Педагогтердің апталық жұмыс жүктемесі

50 сағат → 36 сағат
2018 жыл — 2024 жыл

### Магистр дәрежесі бар педагогтердің үлесі

3,5% → 11%
2018 жыл — 2024 жыл

### Мұғалім мамандығы қоғамда бағаланады деп есептейтін педагогтердің үлесі

63% → 82%
2018 жыл — 2024 жыл

### Жалақыға қанағаттану деңгейі

39% → 71%
2018 жыл — 2024 жыл

### Мамандық таңдауда мұғалім мамандығын бірінші кезекте таңдаған жас педагогтер

71% → 78%
2018 жыл — 2024 жыл

**TALIS-2024 зерттеуінің деректері бойынша*

СИМПОЗИУМ

# «Образование будущего: от знаний – к мудрости»



Наведите на QR-код и увидите видео (интервью, встречи, моменты события)

**Международный архитектурный симпозиум «Образование будущего: от знаний – к мудрости» состоялся в Алматы. Организатор – глава компании Global Nomad Education Алмагуль Канагатова. Посвящён симпозиум был созданию пространств и среды, в которых на первое место ставятся интересы детей и их развитие. Свой опыт представили приглашённые архитекторы и кураторы образовательных программ из Японии. Состоялись панельные дискуссии с участием ведущих казахстанских экспертов в области образования, инклюзии и архитектуры.**

Главным гостем симпозиума стал японский архитектор мирового уровня, автор концепции «архитектура счастья» Такахару Тезука. Разработанные им проекты Fuji Kindergarten, Play Park и другие входят в списки лучших образовательных пространств XXI века. Девиз работы бюро Tezuka Architects – «сначала ребёнок, затем стены». Это помогает создавать пространства, где обучение происходит в процессе игры и наблюдения. Не стал исключением и симпозиум в Алматы: всё время мероприятия в центре зала играли дети – воспитанники прекрасного детсада «Бобек», где и проходило мероприятие. Генеральными партнёрами симпозиума выступили компания «Шеврон», Caravan of Knowledge, Tezuka Architects (Япония), ННПООЦ «Бобек», ОФ Urban Forum Kazakhstan, общественное объединение «Mugalim» (Алматы), AlmaU, гостиница «Казахстан», Crave Cafe, Ресторан Sandyq, коммуникационным партнёром – The-STEPPE, информационным партнёром – газета «Білімді ел – Образованная страна».

– Архитектура и педагогика – это нечто единое целое, – отметила главный организатор симпозиума, глава компании Global Nomad Education Алмагуль Канагатова. – Всё, что делается в организациях образования, должно интегрироваться с пространством, где рождаются знания, доброта, творчество. И формат симпозиума, где одновременно выступают спикеры и играют дети, царит атмосфера доверия и эмпатии, уже ломает стереотипы, что дети должны быть отдельно, взрослые – отдельно... Я благодарна всем нашим партнёрам за поддержку идеи. Концепция архитектора Такахару Тезука: не должно быть стен в образовательных учреждениях, дети должны свободно общаться, коммуницировать, развиваться, тогда они вырастут счастливыми, мудрыми и радостными. Я надеюсь, симпозиум внесёт лепту в осознание важности такого важного ценностного ориентирования.









– Мы с радостью согласились поддержать данный симпозиум, в целом компания «Шеврон» уже много лет инвестирует в образование, – отметила Лейла Айтмуханова, старший советник по социальным партнёрствам компании «Шеврон». – Мы работаем с самыми разными национальными и международными партнёрами, чтобы привнести новые подходы к образованию, в том числе научно-техническому. Симпозиум «Образование будущего: от знаний – к мудрости» как раз прошёл на стыке между образованием и архитектурой, а сейчас немаловажно, как мы живём в пространстве, как взаимодействуем друг с другом, тем более когда это касается детей, их места в образовательном, школьном, досуговом пространстве. Я рада была присутствовать на этом мероприятии, видеть, как оно объединило разных стейкхолдеров и заинтересованных экспертов, профессионалов, мы все ещё раз увидели, как можно мечтать и создавать уютное, вдохновляющее пространство для обучения и воспитания подрастающего поколения.

– Наблюдая за трендами в образовании, мы видим, как окружение ребёнка сильно влияет на него, на его психоэмоциональное состояние, на академическую успеваемость, поэтому важно обращать внимание не только на содержательную часть обучения, но и на среду, – отметил Дарын Сайынов, управляющий директор корпоративного фонда Caravan of Knowledge. – Помимо, безусловно, важного родительского, педагогического окружения, необходимо помнить об инфраструктурном. Место, где ребёнок пребывает немалое время, где он учится, развивается, воспитывается, должно быть архитектурно продумано, выстроено, создано. Удобство, комфортность, уют – всё это сильно влияет на детей, поэтому симпозиум очень многое дал его участникам, высветил важные акценты, и на это стоит обращать большое внимание.

Симпозиум прошёл на высокой волне душевности и любви к детям. Такахара Тезука, архитектор с мировым именем, который проектирует здания школ, детсадов в разных странах, например, последние его проекты в Индии, Дубае, Португалии, и который считается одним из лучших в мире архитекторов образовательных пространств, человек с высокой эмпатией, добротой, отвечал на все вопросы и рассказывал о себе, своей жизни и профессиональном пути.

– Если честно, в моём детстве моим родителям не особо было до меня, – улыбается он. – Потому что мой брат был ребёнком с особыми потребностями, и всё внимание было на нём. Но я от этого не страдал, я развивался, был свободен и счастлив в своём состоянии. В вуз я поступил без экзаменов, школа, которую я окончил, давала такую возможность, и это на самом деле здорово, стрессы ни к чему. Особо хорошо я не учился, но у меня была одна уникальная черта: я легко обретал друзей среди преподавателей, дружил с ними. Мне кажется, я мог бы быть прекрасным дипломатом или политиком, если бы не стал архитектором. Я и своих троих детей отдавал в частную школу, чтобы они тоже поступили в вуз без экзаменов. Ненавижу экзамены, признаюсь, преподаю сам в вузе уже 28 лет и ни разу не принимал экзамены, за это меня любят студенты. Я только преподаю, но не экзаменую. Я всегда за спокойствие и радость в душе.

Отвечая на вопрос из зала «В чём ваша страсть к работе, неиссякаемая энергия и вдохновение?», и сам Такахара Тезука, и его прекрасная супруга Юн Тезука, тоже талантливый архитектор, они созидают вместе, вдвоем, сказали так: «Мы проектируем детсады, школы, другие пространства в самых разных странах мира и встречаем много прекрасных людей, отдающих своё сердце и любовь людям. Например, монах в Тибете, который строит школу для детей, будучи сам бедным человеком, он посвятил жизнь этому, изыскивает средства, или пастор с благородными целями – и мы хотим помочь им, это даёт мотивации. Когда делаете добро людям, хорошее придёт к вам обязательно, так же как плохое привлечёт негатив. Судьба обращается с тобой так, как ты ведёшь себя в этой жизни. Это даже не мотивация наша, а наш путь. Не надо бесконечно искать смыслы в жизни. Главное – продолжать жить, никогда не сдаваться. Жизнь – это день за днём. Делай в ней счастье и радость людям: соседу, другу, родственнику – и будешь счастлив. Никогда нельзя кричать на детей, ни при каких обстоятельствах. Дети и пространства, в которых они растут, развиваются, должны быть полными свободы, радости, позитива.

В рамках симпозиума спикеры делились опытом, как пространство формирует характер, мышление и общество. Рина Огури, куратор токийского Play Park, рассказала о создании образовательного пространства, где ребёнок развивается через игру, исследование и радость. Султанбек Кайым, ассистент-профессор Университета «Нархоз», выступил модератором панельной сессии «Равный доступ к образованию в Казахстане – от знаний к мудрости: как архитектура, справедливость и сообщество создают живые образовательные пространства». Панельную дискуссию «Новые школы и детские сады – точки роста сообществ и модель справедливого общества» провела известный архитектор Асель Ежханова.

Участники симпозиума расходились вдохновлёнными, бурно обсуждая необычный и очень привлекательный формат его проведения – мы вместе можем ещё ближе стать к нашим детям.

**Ляззат ТУРКЕСТАНОВА**
**Астана – Алматы – Астана**
**Фото автора**

ЮБИЛЕЙ

# Столичному Техническому колледжу – 85 лет!






Директор колледжа А.Курманкулов









**Наше учебное заведение считается одним из первых СУЗов в Акмолинском регионе. В этом году колледжу исполняется 85 лет. Ровно столько мероприятий организовано у нас в течение юбилейного года. С периода основания и развития колледжа сформировался мощный фундамент образовательного процесса. Наши выпускники – востребованные специалисты, которые трудятся в разных сферах технического направления.**

Есть большие предприятия, с ними мы сотрудничаем уже не первый год, а также пять крупных компаний столицы, которые ведут шефство по пяти специальностям участвуя в образовательном процессе. Для них мы готовим кадры. они не только принимают выпускников, но и оказывают содействие в прохождении практики на предприятиях. Лучших из них работодатель оставляет на работу сразу же, в рамках дуального обучения трудоустраиваются все выпускники. Колледж готовит специалистов по тем специальностям, которых не хватает на рынке труда. Нами не преследуется цель количества выпуска, для нас главное качество кадров. И здесь важны соответствующее оборудование, оснащённая лаборатория, кадры. В колледже стоят фрезерные и токарные станки с числовым программным управлением. Данная специальность раньше называлась «токарное дело», сейчас «оператор программного обеспечения на станках с числовым программным управлением». Студенты в основном весь процесс заготовки деталей делают на компьютерных программах, таких как МастерКам или Синутрейн – задаются специальные задачи, и через G-кодирование делается проект будущего изделия. Это могут быть медицинские протезы, детали для двигателя и прочее. Производят всё, что связано с металлом и пластиком. В настоящее время у нас обучаются около 800 человек. В среднем из стен колледжа выпускается ежегодно 200 человек. За 85 лет у учебного заведения сформировалась своя традиция подготовки кадров, и её сегодня придерживается с учётом современных требований преподавательский состав во главе с директором Абаем Курманкуловым.

После окончания учебного заведения многие выпускники продолжают обучение в высших учебных заведениях страны и зарубежья. За последние годы в процентном соотношении наблюдается увеличение количества студентов, которые поступают в университеты, в том числе и зарубежные. С 2023 года мы сотрудничаем с Торгово-промышленной палатой Германии. Германские специалисты ежегодно приезжают в колледж и проводят занятия по техническим дисциплинам. Единственный колледж в Казахстане, который практикует такой способ обучения, – наш. Это облегчает задачу по многим факторам, ведь отправление студентов на обучение за границу колледжу выходит гораздо дороже.

В этом году студенты и мастера производственного обучения технического колледжа получили возможность проходить стажировку по академической мобильности в зарубежных странах. Несколько мастеров производственного обучения прошли международную стажировку в Китае, в Грузии и других странах.

– С 2021 года колледжи получили академическую свободу при построении образовательных траекторий. – отмечает директор колледжа. – Это очень помогло в разработке учебных программ. Работодатели поняли, что они могут повлиять на подготовку кадров, и воспользовались этим преимуществом совместной подготовки. Касательно академической мобильности студентов, она будет способствовать улучшению качества образования в целом. У нас прекрасный коллектив, и наша общая задача – качественно организовать учебный процесс и помогать нашим студентам построить успешную карьеру. Есть прекрасные кейсы. Так, выпускника, окончившего колледж по направлению «технология машиностроения», мы оставили работать мастером производственного обучения, обучали его в зарубежных странах. Также наш бывший студент, ныне сотрудник колледжа, является чемпионом республики WorldSkills Казахстан и в этом году занял третье место в международном соревновании в ОАЭ, организованном НАО «Талап». Надо сказать, каждое соревнование WorldSkills формирует характер и мастерство у студентов, для них это настоящая большая путёвка в жизнь!









В Техническом колледже огромное внимание уделяется пропаганде здорового образа жизни, физической активности. Мы гордимся нашей футбольной командой, члены которой играют в сборной по футзалу. В 2023 году мы основали Лигу среди студентов колледжей, проведи международный турнир. Каждый год нами проводится не менее двух-трёх чемпионатов на уровне страны и города. С этого года планируем проведение соревнований совместно с Федерацией футбола г. Астаны. «Слова благодарности выражаем в адрес президента Федерации футбола по г. Астане Батыра Алиева и руководителя Управления образования г. Астаны Касымхана Сенгазыева за поддержку в развитии молодёжного спорта», – говорит Абай Барманкулов.

За время своей деятельности Технический колледж подготовил более 20 тыс. конкурентоспособных, востребованных специалистов. Впереди – много целей, связанных с обучением, развитием студентов, улучшением образовательного процесса, с акцентом на главную задачу – подготовить выпускников не только к профессиональной деятельности, но и к жизни в современном стремительно меняющемся мире.

**Молдир МЫРЗАЛИЕВА ,**
**заместитель директора по учебной работе ГКП на ПХВ «Технический колледж» акимата г. Астаны**

АЙМАҚТАР

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

# Халықаралық фестивальден жүлдемен оралды



**Ресейдің Тверь қаласында өткен әйгілі «Андреевские дни» халықаралық фестиваліне аймақтағы музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернатының студенттік оркестрі алғаш рет қатысып, жүлдемен оралды, – деп хабарлайды Павлодар облысы білім беру басқармасының баспасөз қызметі.**

Фестивальдің ашылуы мен гала-концертке Тверь облысының мәдениет министрі Елена Постнова қатысты. Сахнада әлемнің түрлі елдерінен келген ұжымдармен бірге ҚР еңбек сіңірген қайраткері Виктор Денисенконың жетекшілігімен павлодарлық оркестр де өнер көрсетті. Бағдарламада қазақ композиторлары Н.Тілендиев пен Е.Рахмадиевтің, сондай-ақ В.Харламов пен В.Шелеповтың шығармалары орындалды. Қазақ әуендері Тверь сахнасында шырқалып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Делегация құрамында халықаралық байқаулардың лауреаты, ҚР Мәдениет үздігі Серік Сыздықов, ҚазҰӨУ профессоры Данияр Сұлтанов және колледждің дарынды студенттері болды. Фестиваль шеңберінде «Павлодар музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаты» мен Тверь облысы мәдениет басқармасының Тверь халық шығармашылығы үйі арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Құжатқа кешен басшысы Серік Сыздықов пен Тверь халық шығармашылығы үйінің директоры Елена Марина қол қойды.

Бұл келісім екі өңір арасындағы мәдени байланысты нығайтып, болашақта бірлескен концерттер, шеберлік сабақтары және шығармашылық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Павлодар делегациясы елге үлкен әсермен, жаңа идеялармен және халықаралық достықтың рухымен оралды.

■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

# Қытайға жолдама ұтқан оралдықтар

**Алматы қаласындағы «Aspan Fest-2025» халықаралық дрондар жарысында аймақ атынан қатысқан жергілікті жас техниктер керемет нәтижеге қол жеткізуі арқылы Қытайда ұйымдастырылатын әлемдік додаға жолдама алды. Бұл бәсеке елімізде биыл үшінші мәрте өтіп жатыр. Осыдан екі жыл бұрынғы алғашқы дода біздің облыстың орталығында ұйымдастырылған болатын, – деп хабарлайды Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

– Қазір еліміздің барлық өңіріне тарап, мектеп бағдарламаларына да енгізіле бастаған FPV дрондар сайысы халықаралық деңгейге шықты деуге болады. Өйткені, осы соңғы жарысқа қатысуға 10 мемлекеттен команда ниет білдіріп, сексенге жуық пилот бақ сынады. Сондықтан кезекті жүлделі жарыс өте тартысты өтті. Былтырғымен салыстырғанда сайысқа қатысушылар саны да өсті, ал дрон ұшыру сапасы өте жоғары деңгейде болды, – дейді «Авиаүлгілеу» үйірмесінің жетекшісі, облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығының қосымша білім беру педагогі Айбек Мырғалиев.

– Біздің команда «Футбол дрон» сайысында бірінші орынды жеңіп алды. Микродрон жарысында Орал қаласындағы №28 мектеп-лицейде оқитын шәкіртіміз Әлихан Нысанбаев бірінші орынға шықты. Осы Әлихан Бәйтерек ауданы Байқоныс ауылындағы Қадыр Мырза Әлі атындағы мектеп оқушысы Меңдібек Теміхановпен бірге «Әуе ұрысына» қатысып, екінші орынға ие болды. Бесдюймдік дрон жарысында да Әлихан Нысанбаев екінші орынға тұрақтады. Осындай нәтижелеріміздің арқасында әлемдегі ең мықты чемпионатқа – Шанхай қаласында өтетін дүниежүзілік әуе спорты федерациясы (FAI) ұйымдастырған халықаралық жарысқа баратын болдық.




■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

# Географияны оқытудың цифрлық құралдары

**«Örken» өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес, «Географияны оқытуға арналған цифрлық құралдар мен ресурстар: интерактивті сабақтар өткізуге арналған бағдарламалар, қосымшалар және онлайн платформалар» облыстық семинары ұйымдастырылды, – деп хабарлайды Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

Облыс орталығындағы №47 жалпы білім беретін мектептегі бұл семинарға аймақтағы барлық білім ордаларынан отыздан астам география пәні мұғалімдері қатысты. Басты мақсат – география пәнін оқытуға арналған цифрлық құралдар мен ресурстар, интерактивті сабақтар өткізуге арналған бағдарламалар, қосымшалар және онлай платформалардың тиімді түрлерін анықтау, идеяларды ұсыну, тәжірибеде қолдану бойынша тәжірибе алмасу.

№47 мектептің география, физика, информатика пәндерінің мұғалімдері тәжірибелерімен бөлиссе, басқа педагогтер сабақтарында онлайн платформалар мен цифрлық ресурстарды пайдаланудың мүмкіндіктерін таныстырды. Және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, Padlet тақтасы, ChatGPT, Canva, GeoGebra, WolframAlpha Google Earth, Google Forms, Google Gemini, Microsoft Copilot, QuizWizard платформаларын пайдаланып, шеберлік сыныптар мен сабақтар өткізді.




■ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

# Жаңа жоба білім сапасын арттырады

**Аймақтағы білім саласында жаңа ауқымды бастама – «5Б» облыстық жобасы өз жұмысын бастады. 2025-2028 оқу жылдарын қамтитын бұл жоба білім мен тәрбие сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби дамуын қолдауға және оқушылардың жетістігін көтеруге бағытталған, – деп хабарлайды Ақтөбе облысы білім басқармасының баспасөз қызметі.**

5Б ЖОБАСЫ

«5Б» жобасы бес негізгі бағыттан тұрады: біріншісі – бақылау; екіншіден – бағалау; үшінші – болжау; төртіншісі – біліктілікті көтеру және бесіншіден – білім сапасын арттыру. Жоба үш кезең бойынша жүзеге асырылады. Алғашқы кезең 2025-2026 оқу жылында Алға, Ырғыз, Әйтеке би аудандарын және Ақтөбе қаласының он мектебін қамтиды. Келесі жылдары өзге аудандар да кезең-кезеңімен қамтылады.

Басты мақсат – білім беру ұйымдарының даму стратегияларын жетілдіру, педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсету және оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру. Сонымен қатар жоба аясында мектептердің нақты ахуалына талдау жүргізіліп, әр білім ордасы үшін жеке іс-қимыл жоспарлары әзірленеді. «5Б» жобасын Ақтөбе облыстық білім басқармасы ұйымдастырып, оған педагогикалық шеберлік орталығы, Назарбаев Зияткерлік мектебі, «Білім-Инновация» лицейі және бірқатар серіктес ұйымдар қатысуда.

Күтілетін нәтижелердің бірі – мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі, оқушылардың білім сапасының жақсаруы, заманауи әдістемелер мен цифрлық технологиялардың оқу процесіне енгізілуі. «5Б» жобасы – өңірдегі білім сапасын жаңа деңгейге көтеріп, заманауи, нәтижеге бағытталған мектеп моделін қалыптастыруға арналған кешенді бастама.

Аружан РАУАНҚЫЗЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫ

# Ауылдық білім нысандарының материалдық базасы нығайтылуда

**«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен біздің аймақта білім сапасын арттыру бағытындағы жобалар сәтті жүзеге асып келеді. Ауыл мектебінің шамы қайта жанып, баланың арманына жол ашылған күн – ең үлкен жетістік. «Қазақстан халқына» қоры мен «Білім беру сапасын тұрақты дамыту қорының» қолдауымен бұл мақсат нақты іске айналып отыр.**





**Дәулет ИЛИЯСОВ,**
**Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары**

Соңғы үш жылдан бері өңірде 7 мектеп тірек мектептер қатарына қосылды. Аягөз, Ақсуат, Абай, Жарма, Бесқарағай, Бородулиха аудандарындағы ауыл мектептері жаңа келбетке енген. Әр мектепке 250 миллион теңге көлемінде қаражат бөлініп, оқу кабинеттері мен зертханалар толық жаңғыртылды. STEM және технология кабинеттері, физика мен информатика зертханалары, спорттық құралдар мен интерактивті панельдер – барлығы ауыл баласының қолжетімді игілігіне айналды.

Тірек мектептер өз оқушыларын ғана емес, маңайындағы шағын жинақты 27 магниттік мектепті де қамтиды. Оқушылар қысқа мерзімді сессияларға қатысып, НЗМ базасында тәжірибе алмасқан 325 мұғаліммен сапалы білім алуда. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен басталған «Жасампаз ұрпақ» жобасы балалардың бос уақытын мазмұнды өткізуге, олардың техникалық және шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған. Аягөз ауданында «Жас техниктер станциясы» жұмыс істейді.

Отыз тоғыз миллион теңгеге жөндеу жүргізіліп, Media Studio, FabLab, дрондармен жұмыс, қыш шеберханасы сияқты жаңа үйірмелер ашылды. Бесқарағайдағы «Шығармашылық үйінде» барлық кабинет толық жабдықталып, робототехника, тігін, кулинария, медиа студия үйірмелері іске қосылды. Жаңасемейдің Шүлбі кентінде жаңа қосымша білім беру орталығы ашылып, шалғай ауылдардағы балалар үшін шығармашылыққа жол ашылды.

Биыл тағы төрт мектеп жаңғыртылады. Жаңасемей, Курчатов қаласы, Үржар, Мақаншы аудандарындағы ауылдық мектептер қамтылады. Сонымен бірге облыста «Жасампаз ұрпақ» жобасы аясында қосымша білім беруге де аса көңіл бөлініп отыр. Бұл әлеуметтік жобаның басты мақсаты – ауылдық және шалғай өңірлердегі балаларға сапалы қосымша білім беруге тең мүмкіндік жасау, мамандыққа баулу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру.

Осы ретте жиырмадан астам жаңа үйірме ашылып, 600-ге жуық бала қамтылмақ, отыздан астам педагог жұмысқа тартылады. Бұл – ауыл мен қала арасындағы білім алшақтығын қысқартуға бағытталған нақты қадам. Материалдық-техникалық базаны күшейту – облыстың экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды бөлігі. Өйткені, сапалы білім тек мұғалімнің шеберлігімен емес, оқушының заманауи ортада оқу мүмкіндігімен де өлшенеді.

# Ата-аналармен серіктестік және тәрбиелік орта қалыптастыру

**Біздің өңірдің білім беру жүйесінде баланың психоэмоционалдық саулығын қолдау мен тәрбиелік бағыттағы жұмыс жаңа мазмұнмен жүзеге асырылуда. Бұл бастамалардың басты өзегі – ата-анамен өзара серіктестікті нығайту және жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтар мен ізгі қасиеттерді сіңіру. Биыл алғаш рет облыстағы барлық білім беру ұйымында «Бала әлемі: түсіну, қолдау, қорғау» сессиясы ұйымдастырылды.**






**Әсем НҮСКЕНОВА,**
**Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары**

Бұл – еліміз бойынша тек біздің өңірде ұйымдастырылған үлкен сессия жұмысы. Абай облысы білім басқармасының Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығы ұйымдастырған ауқымды іс-шара ата-ана мен педагогтің балаға психологиялық тұрғыдан қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыруды, отбасы мен мектеп арасындағы байланыс пен сенімді күшейтуді мақсат етті. Сессия аясында қатысушыларға психологиялық сауаттылықты арттыруға арналған әдістемелік құралдар, бейнематериалдар мен тақырыптық жадынамалар ұсынылды.

Мектептерде ата-аналар жиналыстары жаңа форматта өткізіліп, бала эмоциясын түсіну, отбасылық қарым-қатынасты жақсарту және мектеппен бірлесе әрекет ету жолдары талқыланды. Ауқымды іс-шара нәтижесінде 59 мыңнан астам ата-ана мен педагог қамтылып, ата-аналардың мектеп өміріне қатысу белсенділігі мен сенім деңгейі артты. Бұл бастама бала мен отбасы арасындағы үйлесімді қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосты. Биылғы оқу жылынан бастап Абай облысының жекеменшік мектептерінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бағдарламаның мақсаты – оқушыларды ұлттық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбиеге баулу, отансүйгіш, адал әрі еңбекқор тұлға қалыптастыру. Бағдарлама барлық мектеп үшін бірыңғай визуалды стандарт бойынша енгізіліп, мектептің ішкі және сыртқы ортасы тәрбиелік мазмұнға сай безендірілді. Облыс бойынша «Жас Абай», «Abai IT School», «Bright Futures School», «Zerek Semey», «Innoverse Semey», «Shakarim High School» секілді жекеменшік мектептер оқу және тәрбие процесін осы бағдарлама қағидаттарымен үйлестіріп отыр.

Бағдарлама аясында «Өнегелі 15 минут», күй әуенінен қоңырау соғу, ұлттық ойындар өткізу сияқты жаңа форматтар енгізілді. Сонымен қатар оқушылардың мектептен тыс өмірлік тәжірибесін байыту бағытында «Қамқор», «Smart Bala», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Балалар кітапханасы» секілді алты ірі жоба жүзеге асуда. Бұл жобалар экологиялық мәдениет пен еріктілік қызметтен бастап, IT және пікірсайыс бағыттарына дейінгі түрлі салаларды қамтып, оқушылардың рухани және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Аймақта жүргізіліп жатқан бұл жұмыстардың барлығы – Мемлекет басшысының «Адал азамат – адал еңбек – адал табыс» қағидасына сай жас ұрпақты ізгілікке, еңбексүйгіштікке және отансүйгіштікке баулуға бағытталған. Ата-аналармен серіктестік және жекеменшік мектептердегі бірыңғай тәрбиелік бағдарлама – өңірдегі білім беру жүйесінің адамгершілік және мәдени негізін нығайтудың маңызды бөлігіне айналды.

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА

# Мектеп мұғалімдері арасындағы байқау



**Біздің білім ордасының кітапханасында қазақ және әлем әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай, «Абай – дана, Абай – дара» атты ұстаздар арасында ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу және әндерін орындаудан сайыс өтті. Сайыстың мақсаты: Абайдың рухани мұрасын кеңінен насихаттау, оның шығармашылығы арқылы ұлттық болмыс пен тарихи құндылықтарды дәріптеу.**

Ұстаздардың кітап оқуға деген, ақын шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыру, поэзияға деген сүйіспеншіліктерін дамыту. Сайысқа төрелік етуге «Аманат» партиясы аудандық филиалынан Азамат Бағдатұлы, «Ұстаз» кәсіподағының аудандық филиал төрағасы Қ.Мухамедиев, ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының қызметкері Акима Аманқызы, №210 мектеп-лицей кітапханашысы Күнтуғанова Шынар Саматқызы және №204 білім ордасының кітапханашысы Қалманова Гүлмира Қайырбекқызы қатысты.

Сайысқа мектебіміздің бастауыш сынып, қазақ, орыс және ағылшын тілі, тарих, математика, география пәндерінің мұғалімдері үлкен дайындықпен қатысты. Қазақ халқының ұлттық киім үлгілерін насихаттап, ерекше оюлармен көмкерілген қазақтың дәстүрлі киімдерін киіп, шекелігін тағып шыққан қатысушылар да болды. Мектебіміз үш тілде оқытатын аралас тілді болғандықтан ағылшын тілі мұғалімі Демидова Анастасия Витальевна және ұйғыр сыныбының бастауыш мұғалімі Зиявдунова Айымгүл Кенжахуновна да қатысып, қазақша таза сөйледі.

Және ақын өлеңдерін нақышына келтіріп оқулары арқылы мемлекеттік тілге деген құрметтерін, сүйіспеншіліктерін дәлелдеді. Тарих пәні мұғалімдерінің демеушілігімен ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, көрініс көрсету арқылы Ахметкаримова Оралғайша Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін орындаса, математика мұғалімі Тұралық Мира ақынның «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін керемет орындау арқылы күміс көмейлі әнші екенін көрсетті. Аталған сайысқа ұстаздар ішінен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Өтебек Асылзат Өнербекқызы бас жүлдені иеленіп, аудандық сайысқа жолдама алды.

Осылайша сегіз қырлы, бір сырлы, өнерпаз ұстаздарымыз «Аманат» партиясы Алатау аудандық филиалының және Алатау ауданы «Ұстаз» кәсіподағының Алғыс хаты, мадақтамаларымен марапатталды. Аудандық кезеңге жолдама алған орыс тілі мұғалімі Өтебек Аслзат Өнербекқызына сәттілік тілейміз.

**Б.УМАРОВА,**
**№156 жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі,**
**Ж.АХМЕТОВА,**
**кітапханашы,**
**Алматы қаласы,**
**Алатау ауданы**

АБАЙ ОБЛЫСЫ

# Өңір педагогтерінің кәсіби әлеуеті арттырылуда

**«Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы аясында облыстағы тірек мектептер желісі кеңейіп, педагогтердің кәсіби дамуына жаңа мүмкіндіктер жасалуда. Ауылдық білім беру ұйымдарының әлеуетін арттыру, білім сапасын көтеру және қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты қысқарту бағытындағы жұмыстар кешенді түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы негізгі құрал – «Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасы.**



**Айжан КУРМАНОВА,
Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары**

Қазіргі таңда өңірде барлығы 304 мемлекеттік мектеп бар, оның ішінде екі жүз жиырма тоғызы – ауылдық, ал 165-і – шағын жинақты мектеп. Жобаның бірінші кезеңінде 15 бастауыш шағын жинақты мектеп тірек мектептерге бөлімше ретінде бекітіліп, оқу-әдістемелік қолдау жұмыстары жүргізілуде. 2024-2026 жылдары қырық бір тірек мектеп пен 149 шағын жинақты мектеп өзара желілік байланыс орнатып, бес пән (математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі) бойынша аптасына бір рет қашықтан онлайн оқыту жүйесіне көшеді.

Бұл модель ауыл оқушысына қалалық деңгейдегі сапалы білімге тең қолжетімділік беруді мақсат етеді. Жоба аясында тірек мектептер тек оқу процесінің емес, ауылдық қауымның мәдени және әлеуметтік өмірінің де орталығына айналып келеді. 2024-2025 оқу жылында екі тірек мектебі және он комьюнити орталығы болса, ал 2025-2026 оқу жылында отыз тоғыз тірек мектебі және 10 комьюнити орталығы жасақталады. Осылайша, екі жыл ішінде облыста барлығы қырық бір тірек мектебі мен 20 комьюнити орталығы жұмыс істемек.

Комьюнити орталықтарда ауыл тұрғындары үшін үйірмелер, кәсіби және ата-аналық білім беру курстары, мәдени шаралар өткізу жоспарланған. Бұл мектепті ауылдың рухани және инновациялық орталығына айналдырудың нақты үлгісі. Жоба шеңберінде педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту ерекше назарда. «Ғалымнан ілім» және «Шеберден олжа» кейстері аясында облыс педагогтері үздік профессорлар мен тәжірибелі ұстаздардан дәріс алады. Отыз сағаттық арнайы курстар мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің тағылымдамаларына 325 педагог қатысты.

Сонымен қатар 12 мың 747 педагог кәсіби даму курстарымен қамтылып, алпыс үш педагог-шебер өз әріптестеріне каскад әдісі арқылы дәріс өткізді. Білім сапасын арттыру бағытындағы «Функционалдық IQ» курсына бес жүзден астам мұғалім қатысты. 2025 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен облыстық білім басқармасы бірлесе «Тірек мектебі – білім берудегі өзгерістерді басқару көшбасшысы» республикалық Workshop ұйымдастырды. Workshop барысында ауыл мектебі мен ШЖМ арасындағы оқу сапасын теңестіру, қашықтан оқыту жүйесін дамыту, педагогтердің еңбегін әділ бағалау, комьюнити орталықтар ашу және интернет жылдамдығын арттыру сияқты нақты ұсыныстар қабылданды.

«Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы цифрландыру бағытында да жаңа серпін берді. 2024-2025 оқу жылынан бастап облыстың барлық мектебі отандық BilimClass BI жүйесіне көшті. Мектептердің толық жүз пайызы интернетпен қамтылып, оның ішінде бір жүз отыз бес ауыл мектебі Starlink жүйесі арқылы қосылды. 167 мектепте интернет жылдамдығы 100-200 Мбит/с деңгейіне жетті. Мектептер отыз екі мың компьютер, үш мың робототехника жинағы және 33 STEM-кабинетпен жабдықталды. «BilimLand», «Daryn.online», «Beyim.ai», «Testcenter.kz» сияқты платформалар кеңінен қолданылып, сексеннен астам мектеп жасанды интеллект элементтерін оқу процесінде пайдалануда.

Ауыл мұғалімдері ChatGPT, Nearpod, Kahoot, Wordwall сияқты интерактивті құралдарды сабақта қолдану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып келеді. Биология сабақтарында VR және AR технологияларының енгізілуі оқушылардың зерттеу қабілетін дамытуға ықпал етті. «Ауыл мектебі – сапа алаңы» жобасы – ауыл баласына тең мүмкіндік беруді, мұғалімге кәсіби қолдау көрсетуді және ауыл мектебін жаңаша мазмұнда дамытуды көздейтін стратегиялық бағыт.

Біздің облыста бұл жоба ауылдағы білім беру сапасын көтеріп қана қоймай, тірек мектептер мен комьюнити орталықтар арқылы ауыл өмірінің мәдени және рухани тірегіне айналып отыр. Бұл – сапалы білімге, заманауи ортаға және ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа ауыл мектебінің моделі.



# Мектептерге 54 миллион теңгеден аса демеушілік көрсетілді

**«1 мектеп – 1000 қолдау» айдары аясында өңір мектептеріне көрсетіліп жатқан демеушілік пен қайырымдылықты білім басқармасы жүйелі түрде насихаттап келеді. Бұл жолғы материал Абай ауданының игі істеріне арналады. Соңғы үш жылда аудан мектептеріне шамамен 54 миллион 259 мың теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетілді. Бұл қаражат мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жаңа кабинеттер ашуға, кітапхана мен спорт залдарын жабдықтауға және оқушыларға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталды.**



**Салтанат АМАНТАЙҚЫЗЫ,
Облыстық білім басқармасының баспасөз хатшысы, Семей қаласы**

Ш.Әбенов атындағы мектепте бірнеше жаңа кабинет ашылып, бар кабинеттер жаңғыртылды. Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті жазушы, қазақ телевизиясының ардагері Дулат Оразалиннің демеушілігімен екі жарым миллион теңгеге жаңартылды. ҰОС ардагері Нығымет Мағауияұлының ұлы Махмұт Мағауин екі жарым миллион теңгеге физика кабинетін жабдықтауға үлес қосты. Сақалов Сыпатайдың ұрпақтары мектепалды даярлық бөлмесін 2,7 млн теңгеге жарақтандырды. Батыр, жырау Ақтамберді Сарыұлының ұрпақтары алты миллион теңгеге мультимедиа кабинетін ашты.

Мектеп кітапханасы Нұржамал және Шағангүл Алдамжарқыздарының демеушілігімен бір миллион теңгеге жаңартылды. С.Бекбосынов атындағы мектепте Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі Нұрфану Мұқтарғалиева есімін иеленген бастауыш сынып кабинеті 4,5 миллион теңгеге жабдықталды. Ардагер ұстаз, ауданның Құрметті азаматы Дос Қонысбайұлының құрметіне биология кабинеті үш жарым миллион теңгеге жасақталды. «Архат-Орда» қоры мен «Металл Майнинг» кәсіпорны мектепке 1,15 млн теңгеге LED-экран орнатуға және үш жүз алпыс мың теңгеге жылу қазандығына қажетті құрал алуға қолдау көрсетті. 1984 жылғы түлектер мұздатқыш сыйлады.

Т.Сүлейменұлы атындағы мектепте белгілі тарихшы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Төлеген Сүлейменұлының құрметіне бір жарым миллион теңгеге тарих кабинеті ашылды. М.Әуезов атындағы мектепте жиырма жылдық түлектердің демеушілігімен «Мұхтартану» кабинеті бір миллион алты жүз мың теңгеге жасақталды. Ұлағатты ұстаз Т.Қарамендиннің ұрпақтары 800 мың теңгеге математика кабинетін жабдықтады. Б.Оразбайқызының қолдауымен бір миллион екі жүз мың теңгеге орыс тілі мен әдебиеті кабинеті жаңартылды.

Өлкетанушы Б.Исабайұлының ұрпақтары екі миллион теңгеге география кабинетін жасақтады. «Медеу» мектебінің жүз жылдық мерейтойына орай ауқымды жаңғырту жүргізілді. Кітапхана 1,2 миллион теңгеге, мұғалімдер бөлмесі бес жүз жиырма мың теңгеге жаңартылды. Асханаға 420 мың теңгеге орындықтар, спорт залға шкафтар жеті жүз жиырма мың теңгеге алынды. Мектеп музейі 500 мың теңгеге қайта жабдықталып, үш қабатқа жалюзи орнатуға бір миллион теңге жұмсалды.

Шәкәрім атындағы мектептің жаңаруына Ерденбековтер отбасы мен 1986 жылғы түлектер атсалысты. Қазақ тілі кабинеті жаңарып, актив панель алынды. 1978 жылғы түлектер мектеп ауласына тас төсеніш төседі. Қарауыл гимназиясында әр жылғы мектеп түлектері де үлес қосты. 2014 жылғы түлектер теледидар алып берсе, екі жыл бұрынғы түлектер құны бір жүз елу мың теңгеге домбыралар сыйлады.

1996 жылғы түлектер үш магнит-маркерлік тақта алып беріп, 2007 және 2008 жылғы түлектер АКТ залына трибуна, жұмсақ орындықтар және үстелдер тарту етті. Ж.Молдағалиев атындағы мектепке төрт жүз елу мың теңгеге теледидар, фотозона және күрес киімдері алынды. «Metall mining» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мамай мектебінің АКТ залына 1,15 млн теңгеге LED-экран орнатуға демеушілік жасады.

Жалпы, демеушілердің қаражаты, ең алдымен, білім сапасын арттыруға, оқу процесін жаңғыртуға және оқушылардың шығармашылық пен спорттық әлеуетін дамытуға бағытталды. Абай ауданындағы бұл ізгілікті істер – меценаттық мәдениеттің жандануы мен ұстазға деген құрметтің, туған мектепке перзенттік ықыластың айқын көрінісі.



ТІЛДІК ЭТИКЕТ

# Есімдіктің сөйлеу мәдениетіндегі маңызы

**Сөйлеу мәдениеті – тілдің қоғамдық қызметін толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, ойды анық, жүйелі, әсерлі және сыпайы жеткізу шеберлігі. Бұл ұғым адамның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Ал грамматикалық тұлғалардың ішінде есімдіктер сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда ерекше орын алады. Себебі есімдіктер сөйлеу мен жазуда ойды ықшамдап, сөйлемдердің арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынасты көрсетеді.**



**Айжан БАЙКОНЫРОВА,**
**№49 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,**
**Алматы қаласы, Түркісіб ауданы**

**Есімдіктің мәні мен маңызы.** Есімдік – мағыналық және құрылымдық жағынан өзге сөз таптарынан ерекше грамматикалық категория. Ол заттың, сапаның немесе санның нақты атауын атамай, олардың орнына қолданылады. Мысалы: Мен, сен, ол, бұл, сол, өзім, бәрі, ешкім, кім сияқты есімдіктер сөйлеуде ойдың бағыт-бағдарын көрсетіп, қайталануды болдырмайды, сөйлемді жеңіл әрі түсінікті етеді. Есімдіктер сөйлеу процесінде мәтіннің ішкі байланысын сақтап, логикалық тұтастықты қамтамасыз етеді. Мысалы: Айбек бүгін жиналысқа қатысты. Ол өз ойын нақты жеткізді. Мұнда ол есімдігі екінші сөйлемде алдыңғы сөйлемдегі Айбек сөзін алмастырып, мәтіннің біріздiлігін сақтап тұр.

**Есімдіктің сөйлеу мәдениетіндегі қызметі.** *Коммуникативтік қызметі:* есімдіктер сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара түсiністікті қамтамасыз етеді. Олар сөйлемдер арасындағы байланысты сақтап, сөйлеуді икемді әрі табиғи етеді. *Этикеттік (әдептік) қызметі:* қазақ мәдениетінде сыпайылық, құрмет, ізеттілік есімдіктер арқылы жиі көрініс табады. Мысалы: Сіз – үлкенге, құрметті адамға бағытталған сөз. Сен – бейресми немесе тең дәрежелі қатынаста қолданылады. Бұл тіл мәдениеті мен ұлттық дүниетанымның тығыз байланысын көрсетеді. *Стилистикалық қызметі:* есімдіктер сөйлеуді әр стильдің ерекшелігіне бейімдейді. Ауызекі сөйлеу стилінде – еркін және табиғи қарым-қатынас орнатады (Мен барам, сен қал). Ресми стильде – нақты әрі сыпайы сөйлеуді қалыптастырады (Бұл мәселе талқыланды, ол шешілді). Көркем стильде – кейіпкердің сезімін, мінезін, ой толғанысын ашады (Ол өзін кінәлі сезінді).

**Есімдікті орынды қолданудың маңызы.** Сөйлеу мәдениетінде есімдіктерді қолданудың басты қағидасы – орындылық пен дәлдік. Орынсыз қолданылған есімдік сөйлемнің мағынасын бұрмалайды, ал орынды қолданылған есімдік ойдың айқындығын қамтамасыз етеді *(кестеде)*. Мұндай мысалдар оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда есімдіктердің этикеттік рөлін түсіндірудің маңызын дәлелдейді.

**Есімдікті меңгертудің әдістемелік бағыттары.** Есімдікті сөйлеуде дұрыс және орынды қолдануға үйрету үшін мұғалім бірқатар әдіс-тәсілдерді қолдана алады. *Рөлдік ойындар:* «Кім келді?», «Сіз кімсіз?» сияқты ситуациялық жаттығулар. *Диалог және монолог құрастыру:* есімдіктерді түрлі жағдаяттарда пайдалану. *Қателерді түзету тапсырмалары:* сөйлемдегі есімдіктердің дұрыс/бұрыс қолданылуын анықтау. *Көрініс және жағдаяттық ойындар:* дүкенде, мектепте, қонақта тақырыптары бойынша этикеттік сөз үлгілерін қолдану. *Талдау жұмыстары:* мәтіннен есімдіктерді табу, түрлерін анықтау, сөйлемдегі қызметін талдау. Бұлар оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттырып қана қоймай, коммуникативтік және мәдени құзыреттілігін дамытады.

Есімдіктер – сөйлеу мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі. Олар сөйлеушінің ойын нақты, қысқа әрі мәдениетті жеткізуге мүмкіндік береді. Есімдіктерді дұрыс әрі орынды қолдану арқылы оқушылардың: тілдік сауаттылығы артады; сөйлеу мәдениеті қалыптасады; қарым-қатынас әдебі мен сыпайылық нормалары дамиды; тілге деген құрмет күшейеді. Сондықтан есімдіктерді меңгерту – тек грамматикалық дағдыны қалыптастыру емес, ұлттық мәдениет пен тілдік этикетті бойға сіңірудің тиімді жолы.

| Қате қолданыс | Дұрыс нұсқа | Түсіндірме |
|---|---|---|
| Ол оны көрді. | Ержан Айгүлді көрді. | Кімнің кімді көргені түсініксіз. |
| Мен өзім өзім бардым. | Мен өзім бардым. | Артық есімдік қолданылған. |
| Сен директорға кірдің бе? | Сіз директор мырзамен сөйлестіңіз бе? | Сыпайылық нормасы сақталмаған. |

МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

# Республика күніне арналған ауқымды іс-шара

**Қазан айының 25-і – еліміздің ең мәртебелі мерекелерінің бірі, Республика күні. Биыл бұл күнге 35 жыл толуына орай, біздің білім ордасында кең көлемде мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, ел тарихына деген құрмет сезімін арттыру және егемендіктің мәнін ұғындыру болды.**




Іс-шараға екі мыңнан астам оқушы қатысып, барлығы бірігіп рухты хор орындады. Мыңдаған баланың дауысынан туған ерекше әуен мектеп ауласын қуаныш пен мақтаныш сезіміне бөледі. Бұл көрініс жас ұрпақтың елге деген сүйіспеншілігі мен бірлігін айқын көрсетті. Іс-шара барысында оқушылар 2000-нан астам оқушының бір дауыспен орындаған хор туындысы – ел бірлігінің, ынтымақ пен рухтың нақты көрінісі болды.

Бұл сәт ағарту ошағының тарихында ерекше естелік болып қалды. Қазан айының жиырма бесіндегі Республика күні тек мереке ғана емес, ол – әрбір қазақстандықтың жүрегіндегі мақтаныш пен елге деген сүйіспеншіліктің нышаны. Ұйымшыл ұстаздар ұжымы мен оқушылары осы күннің мәнін терең сезініп, мерекенің рухын жоғары деңгейде көрсете білді.

**№209 мектеп-гимназия әкімшілігі,**
**Алматы қаласы, Алатау ауданы**

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ

# Аман болшы, қарттарым

**Жыл сайынғы қазан айының бірі – Халықаралық қарттар күні ретінде атап өтіледі. Бұл күн – өмірлік тәжірибесі мол, саналы ғұмырын елге, ұрпақ тәрбиесіне арнаған ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелерге деген шынайы алғыс пен ілтипаттың белгісі. Қазақ халқы ежелден үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүріне ерекше мән берген.**

«Қариясы бар үй – қазыналы үй» деп бағалаған халық үшін қарттың сөзі – ақылдың көзі, батасы – рухтың тірегі саналған. Осы игі дәстүр бүгінгі заманда да өз мәнін жоғалтпай, жалғасын табуы тиіс. Биылғы Халықаралық қарттар күніне орай, Алматы қаласындағы «Алтын жүрек» қарттар үйіне барған біздің білім ордасының оқушылары мен ұстаздары қайырымдылық концерт ұйымдастырды.

Іс-шараның мақсаты – аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, қамқорлық пен мейірімділік таныту, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушылар тарапынан әндер шырқалып, домбырамен күй тартылды, көркем сөз, өлең оқу, би және шағын қойылымдар көрсетілді. Қарттарға арналған жылы лебіздер мен құттықтаулар жолданды. Мектеп ұжымы және ата-аналар тарапынан сыйлықтар мен тәттілер табысталды. Концерт барысында қарттар көңілденіп, ерекше ықылас білдірді.

Оқушылар адамгершілік, мейірімділік, үлкенді сыйлау сынды қасиеттердің мәнін түсініп, жақсы әсер алды. Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Бүгінгі ұрпақ – кешегі аға буынның еңбегі мен өнегесінің жемісі. Сондықтан оларды құрметтеу – тек парыз ғана емес, азаматтық міндет. Осы орайда әрбір жас жеткіншек қарт адамдарға құрметпен қарап, қолдау көрсетіп, жылы сөзін аямауы қажет. Қарттарын қадірлеген ел – бақытты ел! Қарияларымыз аман, жүздері жарқын, жүректері шат болсын!

**Мөлдір АМАНТАЕВА,**
**№212 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,**
**Алматы қаласы,**
**Алатау ауданы**




БІРІНШІ КУРС

# Студенттердің жаңа білім беру ортасына бейімделу ерекшеліктері

**Колледжде оқуға студенттердің бейімделуі – өзекті мәселе, өйткені бейімделу үдерісінің сәтті өтуіне болашақ маманның кәсіби мансабы мен тұлғалық дамуының көп қыры тәуелді. Қазіргі студенттердің басым бөлігі өзгермелі өмір шындығында өзін-өзі дамытуда қиындықтарға ұшырайды. Көптеген көзқарас тұрғысынан ең «осал» және әлсіз топ – бірінші курс студенттері болып табылады.**

Бір жағынан, бірінші курс студенті білімді меңгеруде жоғары дербестік пен белсенділік танытуы тиіс; екінші жағынан, бұл өз білім алуына деген жауапкершіліктің артуын білдіреді. Студент, мектеп оқушысымен салыстырғанда, өзінің оқу кеңістігін неғұрлым өз бетінше ұйымдастыруы керек. Психологтар бірінші курс студенттерінің бейімделуін жүйе ретінде қарастырады және оны төрт түрге бөледі. *Ұйымдастырушылық бейімделу* – бұл оқу мен өмір сүру жағдайларының, күн тәртібінің, оқыту әдістерінің, оқу орнындағы мінез-құлық ережелерінің өзгеруін, сондай-ақ жүктеменің артуын қамтиды.

*Іс-әрекеттік бейімделу* – бұл түрі ұйымдастырушылық бейімделумен қатар жүреді. Бұл кезеңде студент жаңа пәндермен танысады, «студент» мәртебесіне үйренеді, өз құқықтары мен міндеттерін меңгереді. Кәсіби бейімделу – әдетте бұл бейімделу өндірістік немесе дипломалды тәжірибе кезінде белсенді жүреді. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу – психологтардың пікірінше, бұл – ең күрделі түрі. Кейде, тіпті, маманның өзі нақты адамның жаңа жағдайларға қалай бейімделетінін шамамен де болжай алмайды.

Социологиялық факторларға жас ерекшелігі, әлеуметтік жағдайы және білімі жатады. Ең алдымен, бірінші курс студенттерінің әлеуметтік бейімделуі олардың өзара қарым-қатынасында көрініс табады. Педагогикалық факторлар тұрғысынан, колледждегі бейімделу оқытушылармен байланысты. Оқытушылардың студенттерге деген көзқарасы мен олар қоятын талаптары студенттердің үлгерімі мен оқу әрекетіне деген қызығушылығына тікелей әсер етеді.

Педагог-психолог Н.Г. Колызаева бейімделудің жалпы үдерісінде екі кезеңді ажыратады. *Адаптивтік реакция* – тұлғалық жүйенің кернеуімен сипатталады, ол көпфункционалды байланыстар санының күрт артуын және тұлғалық өзгерістердің неғұрлым қарқынды кезеңінен байқалады. *Адаптивтік тұрақтану* – тұлғалық жүйенің кернеуінің бәсеңдеуімен сипатталады, ол көпфункционалды байланыстар санының азаюынан және бейімделу сипаттамаларының қалыптасуының баяулауы.

Сонымен, жалпы мағынада бейімделу сыртқы және ішкі орта жағдайларының өзгеруіне икемделу ретінде қарастырылады. Осыған сүйене отырып, бұл тарауда бейімделудің келесі ерекшеліктері қарастырылды: ұйымдастырушылық, іс-әрекеттік, кәсіби және әлеуметтік-психологиялық. Бірінші курс студенттерінің бейімделуіне негізінен социологиялық, сонымен қатар педагогикалық факторлардың әсер ететіні анықталды.

**Алтынай ЖУМАНИКА,**
**Теміртау техникалық колледжінің педагог-психологы,**
**Қарағанды облысы,**
**Теміртау қаласы**

ИНФОРМАЦИЯ

# 7 дней отдохнут казахстанские школьники на осенних каникулах

**В казахстанских школах завершается первая четверть. Осенние каникулы продлятся 7 календарных дней с 27 октября по 2 ноября включительно.**




В целях эффективного и безопасного проведения, личностного развития в период осенних каникул и досуга школьников предлагает план мероприятий в рамках программы единого воспитания «Адал азамат». В план входят мероприятия, направленные на формирование ценностей, таких как патриотизм, справедливость и ответственность:

* в рамках реализации проекта «Детская библиотека» мероприятие «Читаем книги на каникулах»;

* уроки безопасности: «Буллингтен қорған»;

* организация работы школьного театра.

Самым важным остаётся обеспечение безопасности детей. С этой целью предлагается обратить особое внимание на проведение мероприятий по профилактике дорожно-транспортного травматизма вместе с родителями, соблюдению правил внутреннего распорядка школ, мерам безопасности детей на улице, пожарной безопасности дома, кибербезопасности. Отметим, данные мероприятия направляются в организации образования в качестве методических рекомендаций.

**ЖАЗЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ОНЛАЙН РЕСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ?**

1. **POST.KZ** сайты немесе мобильді қосымшасына кіріңіз. *«Басылымдарға жазылу»* бөліміне өтіңіз.
2. Тұрғылықты мекенжайыңызды таңдаңыз.
3. Іздеу жолағына басылымның индексін енгізіңіз: **64603** *(Білімді ел – Образованная страна)*.
4. *«Басылымға жазылу»* батырмасын басыңыз.
5. Жазылу айлары мен санын таңдаңыз. *«Өзгерту»* батырмасын басып, қажет жолақта квартал бойынша айлардың жанына плюсиктерді қойып, өзгерістерді сақтаңыз.
6. Төменде жеткізу мекенжайын қосыңыз.
7. Әрмен қарай *«Себетке»* өтіңіз.
8. Жазылымды төлеу үшін төлем әдісін таңдаңыз.
9. Банк картаңыздың мәліметтерін енгізіп, төлемді жүзеге асырыңыз.
10. *Жазылым түбіртегін сақтап қойыңыз.* Кейін ол сізге газет беттерінде мақалаңызды тегін жариялауға мүмкіндік береді.

*Қызмет 24/7 қолжетімді* және жеткізілім клиент көрсеткен мекенжай бойынша іске асырылады.

**Следите за нами в соцсетях!**

bilimdinews.kz
instagram
facebook
youtube

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

# Баланың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың заманауи жолы

**Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру – заманауи білім берудің маңызды бағыты. Қоршаған ортаның ластануы мен климаттың өзгеруі жағдайында балаларды табиғатты аялауға, оған жауапкершілікпен қарауға үйрету – педагогтің басты міндеті. Осы мақсатта біздің мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру орталығында экологиялық тәрбие жүйесіне ТРИЗ технологиясы (тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясы) енгізілген.**



**Айгүл ТОКТАМЫСОВА,**
**«Аққайың» бөбекжайының әдіскер-тәрбиешісі,**
**Алматы облысы,**
**Жамбыл ауданы**

Оның негізгі мақсаты – баланың шығармашылық және логикалық ойлауын дамыту, табиғаттағы құбылыстар арасындағы байланысты өздігінен табуға үйрету. ТРИЗ әдісі арқылы бала сұрақ қою, салыстыру және бақылау арқылы қорытынды жасайды. ТРИЗ технологиясы экологиялық бағыттағы ұйымдастырылған іс-әрекетінде, ойындарда және жобалық жұмыстарда жүйелі қолданылады. «Жасыл балабақша» жобасы аясында балалар жарық пен суды үнемдеуге, өсімдіктер мен жануарларға күтім жасауға, қалдықтарды сұрыптауға және жылыжай мен шағын бақшада еңбек етуге қатысады.

Жобаның негізгі бағыттарына саламатты өмір салты мен дұрыс тамақтануға тәрбиелеу, жарық пен суды үнемді пайдалану мәдениетін қалыптастыру көзделеді. Және қалдықтарды сұрыптау арқылы «екінші өмір» сыйлау, флорариум, гидропоника, қысқы бақ және жылыжай ұйымдастыру, көкөніс пен жеміс отырғызып, өсімдіктерге күтім жасау, сондай-ақ балалардың жасаған экологиялық жұмыстарының көрмесін өткізу кіреді. Балабақша ауласында балалар бақша өнімдерін егіп, олардың өсуін бақылайды, өсімдіктердің дамуын зерттейді, су мен жарықтың маңызын тәжірибе арқылы түсінеді. Мұндай әрекеттер балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулиды.

Бақылау және салыстыру әдісі балаларға табиғи және адам қолымен жасалған заттарды ажыратуға, олардың қоршаған ортаға әсерін түсінуге көмектеседі. Танымдық ойындар арқылы балалардың ойлау және талдау қабілеттері дамиды. Жүйелі талдау әдісі ретінде «Жүйелі оператор» тәсілі пайдаланылады. Бұл әдіс арқылы балалар «Құстар», «Өсімдіктер», «Су әлемі» сияқты тақырыптарды жан-жақты талдайды және табиғаттағы өзара байланыстарды анықтайды.

Бөбекжайда ТРИЗ технологиясы негізінде экологиялық бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде төрт бөлімнен тұратын құрылым арқылы жүзеге асырылады. ***Бірінші бөлім.*** *Табиғатпен үйлескен экологиялық орта.* Бөбекжайда экологиялық тәрбие беру мақсатында гидропоника, флорариум, қысқы бақ және жылыжай элементтері жасақталған. Балалар көкеніс пен гүлдерді отырғызып, суарып, күтіп-баптауға қатысады. ТРИЗ технологиясы негізінде «Неліктен өсімдікке жарық пен су қажет?», «Егер күн болмаса не болады?» сияқты сұрақтар талқыланып, тәжірибелер жүргізіледі.

Энергия мен суды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау сияқты экологиялық әдеттер күнделікті әрекеттер арқылы қалыптасады. Нәтижесінде балалар еңбектің маңызын түсініп, табиғатты аялау жауапкершілігін сезінеді. ***Екінші бөлім.*** *Тірі табиғатты тану және сезіну.* Тірі табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау арқылы балалардың танымдық қызығушылығы мен сүйіспеншілігі артады. Педагог олардың да тіршілік иесі екенін түсіндіріп, қамқорлық сезімін оятады. «Өсімдіктер көмек сұрайды» іс-әрекетінде балалар өз қолымен гүл отырғызып, оның өсуін бақылайды.

***Үшінші бөлім.*** *Өлі табиғат элементтерімен тәжірибе жасау.* Балалар жарық, ауа, су, топырақ сияқты өлі табиғат элементтерінің қасиеттерін зерттейді. «Су мен мұз», «Қар мен жаңбыр», «Құм мен топырақ» тақырыптарында тәжірибелер өткізіледі. ***Төртінші бөлім.*** *«Біздің ғаламшар – біздің үйіміз» жобалық бағыты.* Балаларға жердің тіршілік көзі ретіндегі маңызы түсіндіріледі. Олар ағаш отырғызу, ауланы көгалдандыру, гүл егу жұмыстарына қатысып, үлкендердің еңбегін бағылайды.

«Білімді ел – Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.
Меншік иесі: «Қазақстандық білім беру газеті» ЖШС. Тіркеу туралы куәлігінің нөмірі №16015-Г Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетімен 02.06.2016 жылы берілген. Жазылым индексі: 64603.

Бас редактор: **Ләззат Мақсұтқызы Түркістанова**

Редакциялық кеңес: **Онланбекқызы Г.**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор; **Мұқанова С.Д.**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент; **Набатникова Т.И.**, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер.

Шығарушы редактор: **Жанет Сүлейменова** (тел. 87015304959 – жарияланымдар бойынша) | Дизайн және беттеу: **Эрик Муратов**

**Редакция мекен жайы:**
ҚР, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 58 А НП 18.
**E-mail:** bilimdi_el@mail.ru

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Газет жарияланымдарындағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауапты, ал жарнамалар мен хабарландырулар бойынша жауапты тұлғалар – жарнама берушілер. Газет «Астана Интер-Трейдинг» ЖШС баспаханасында басылған, Астана қ-сы, Жұбанов к-сі, 24/1.

**Таралымы:** 15 000 дана
**Тапсырыс:** 204
Газет апта сайын сейсенбіде шығады

# ЖАЗЫЛУ-2026! ПОДПИСКА-2026!

## Құрметті жазылушылар!

2025 жылы 6 қазаннан 2026 жылға республикалық басылымдарға жазылу науқаны басталды. Жазылу мерзімі 2025 жылғы 25 желтоқсанға дейін. Жазылымды **«Қазпошта»** АҚ-ның кез келген бөлімшесінде, сондай-ақ **Post.kz** сайты немесе **Kaspi.kz** мобильді қосымшасы арқылы рәсімдеуге болады.

**«Білімді ел – Образованная страна» газетіне жазылу бағасы:**

**Жеке тұлғалар (ауыл, қала):**

жартыжылдық – 5479,44 теңге;
жылдық – 10958,88 теңге.

**Заңды тұлғалар (ауыл, қала):**

жартыжылдық – 6575,28 теңге;
жылдық – 13150,56 теңге.

## Құрметті «Білімді ел – Образованная страна» газетінің оқырмандары!

Сізден сүйікті апталық білім беру газетіне жазылуды қолдауыңызды сұраймыз! Газетте – білім берудің объективті жаңалықтары. Бәрі де балабақшалар, колледждер, мектептер, Қазақстанның ЖОО туралы. Барлық соңғы жаңалықтар мен аналитика, педагогтер туралы очерктер, ЖОО-ға шолулар, мектеп және студенттік өмір. Газетте – елорданың, қалалар мен барлық өңірлердің білім саласы туралы егжей-тегжейлі! Үздік сарапшылар, педагогтер, басшылар. Бізбен бірге болып, өзіңізді газетіміздің беттерінен табыңыз. Газет аттестаттауға арналған басылымдардың БАҚ тізіміне кіреді. Біздің газет сіз үшін сүйіспеншілікпен шығарылады!

***Ескерту***
***Kaspi.kz арқылы жазылу үшін:***

Kaspi – Төлемдер – Басқа – Баспа БАҚ – «Білімді ел – Образованная страна» – жазылу мерзімі – толық мекенжай.

***Газет редакциясы***

## Уважаемые подписчики!

С 6 октября 2025 года началась подписная кампания на республиканские издания на 2026 год. Срок подписки до 25 декабря 2025 года. Подписку можно оформить в любом отделении **АО «Казпочта»**, а также на сайте **Post.kz** или через мобильное приложение Kaspi.kz.

**Стоимость подписки на газету «Білімді ел – Образованная страна»:**

**Физические лица (село, город):**

полугодовая – 5479,44 тенге;
годовая – 10958,88 тенге.

**Юридические лица (село, город):**

полугодовая – 6575,28 тенге;
годовая – 13150,56 тенге.

## Уважаемые читатели газеты «Білімді ел – Образованная страна»!

Просим вас поддержать подпиской свою любимую еженедельную образовательную газету! В газете – самые объективные новости образования. Всё про детсады, колледжи, школы, вузы Казахстана. Все самые свежие новости и аналитика, очерки о педагогах, обзоры вузов, школьная и студенческая жизнь. В газете – подробно об образовании столицы, городов и всех регионов! Лучшие эксперты, педагоги, руководители. Будьте с нами, находите себя на страницах нашей газеты. Газета входит в Перечень СМИ публикаций для аттестации. Наша газета с любовью издаётся для вас!

***Примечание***
***Для подписки на Kaspi.kz:***

Kaspi – Платежи – Другое – Печатные СМИ – «Білімді ел – Образованная страна» – период подписки – подробный адрес.

***Редакция газеты***

